

## DUBIR

ПАРТИЯ  
ЖАСТАРМЕН  
ТОЛЫҚТЫ

2-бет

## QOGAM

САНАҚ САБАҚ  
БОЛҒАЛЫ ТҰР

3-бет

## TANYM

ӨРКЕНИЕТ  
ШЫРАҚШЫСЫ

4-бет

## TIRSHILIK

НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ  
НАМАЗ КЕСТЕСІ

7-бет



## ПРЕЗИДЕНТ ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕКТИ ҚАБЫЛДАДЫ

Сейсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.

Қазақстан Президентіне өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларындағы өндірістің өсімі жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстағы тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыру, соның ішінде көпбалалы отбасыларды баспанмен қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы атаулы әлеуметтік көмекті белгілі бір санаттағы

азаматтарға берудің, сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек алатын еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамтудың маңыздылығын атап өтті.

Жеңіс Қасымбек туристік кластер қалыптастырудың перспективалары және Ұлытау ауданында қажетті жол инфрақұрылымы, сондай-ақ, Балқаш көлі аймағы мен Қарқаралы ауданында туризм саласын жаңғырту туралы баяндады.

Президент Қарағанды облысындағы көктемгі су тасқыны жағдайын мұқият бақылауға алып, төтенше жағдайдың алдын алу үшін қажетті дайындық шараларын жүргізуді тапсырды.

Akorda.kz

## ӘКІМДЕРДІҢ ЕЛ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Мемлекет басшысы 25 ақпанда «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлық Ақорда сайтында жарияланды.

Жанарған Жарлыққа сай, енді барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын бірінші тоқсан ішінде халыққа есеп беру кездесулерін өткізіп, олардың барысында елде іске асырылып жатқан реформалар, өңірді одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары, проблемалық мәселелер және оларды шешу бойынша жоспарлар туралы хабардар етіп қана қоймай, есеп беру кездесулерін әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда онлайн-трансляциялауға және аудан орталықтарымен және басқа да елді-мекендермен техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып бейнеконференция байланысын ұйымдастыруға міндеттеледі.

Сондай-ақ, әкімдер есеп беру кездесуінен бір күн бұрын және есеп беру кездесуі өткізілгеннен кейін азаматтарды жеке қабылдайды.

Есеп беру кездесуі өткізілгенге дейін мәслихаттар депутаттарын, жұртшылық, бизнес және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тарта отырып, тиісті қоғамдық кеңестердің отырыстарында облыстар, қалалар және аудандар әкімдерінің есептерін тыңдау өткізіледі, олардың барысында әкім тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, аумақтарды дамыту бағдарламаларының түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу, өңірді одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын айқындау бөлігінде жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру процесі туралы хабардар етеді.

Сонымен бірге, жаңа Жарлықта есеп беру кездесуі туралы бір ай бұрын ақпарат құралдары және әлеуметтік желі арқылы хабарлаумен қатар, кездесулерде көтерілген мәселелерді шешу барысы туралы да ашық ақпараттық ресурстар арқылы хабарлау міндеттеліп отыр.

«6, 7-тармақтар мынадай редакцияда есеп беріледі:

«6. Есеп беру кездесулері және азаматтарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей есептерді және оларды шешу бойынша тиісті шаралар қабылдау мерзімдерін көрсете отырып, есеп беру кездесулерінде халық көтерген проблемалық мәселелер тізбесін:

орталық атқарушы органдардың басшылары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың әкімдері тиісті мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында;

аудандық маңызы бар қалалардың, аудандық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдері бұқаралық ақпарат құралдарында және бар болған жасадайда әкімдер аппараттарының ресми интернет-ресурстарында орналастыруға қамтамасыз етісін.

7. Есеп беру кездесулерінде халық көтерген проблемалық мәселелердің шешілу барысы (проблемалық мәселелер, орындалу барысы) туралы ақпарат тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың онының күніне қарай орталық атқарушы органдардың және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, қаладағы аудандар әкімдерінің, аудандық маңызы бар қалалардың, аудандық округтер, кенттер мен ауылдар әкімдерінің аппараттарының интернет-ресурстарында орналастырылсын. Қаладағы аудандар әкімдерінің, аудандық маңызы бар қалалар, аудандық округтер, кенттер және ауылдар әкімдері аппараттарының интернет-ресурсы болмаған жасадайда проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпарат жергілікті баспа басшыларында жариялансын» делінген Жарлықта.

## ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСІ

жезқазғандық 17 көп балалы отбасы баспаналы болды



Ақпан айы алтын құрақты аналар үшін ерекше есте қалмақ. Өйткені мысты шаһардың көп балалы аналары көптен күткен баспаналарына ие болды.



— Бүгін сіздер үшін де, біздер үшін де ерекше күн болып отыр. Аяулы аналар, сіздердің ел демографиясына қосқан үлестеріңіз өлшеусіз. Міне, көп жылдардан бері арман еткен жылы ұяларыңызға бүгін қолдарыңыз жетті. Бұдан былай бала-шағаларыңызбен бірге өз үйлеріңізде жаңа күнді қарсы алатын боласыздар. Осынау айтулы күнмен баршаныңыз құттықтаймын. Шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын. Отбасыларыңыз табыс пен ырысқа кенелсін. Жаңа бастапана жақсылықтардың бастауы болсын, — деген жылы лебізін білдірген Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбетдин аналарға үй кілттерін табыстады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 372 қаулысымен беткітілген «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 17 отбасына пәтер кілттері берілді. Алашахан, Сарыарқа, Абай, Түсіпбеков, Сейфуллин, Жеңіс, Мир, Гоголь, Анарқұлов, Есенберлин, Деев, Шевченко көшелерінен жаңа жайлы жылы қонысқа қол жеткізген тұрғындардың да қуаныштарында шек жоқ.

— Бұл күн ешқашан ұмытылмайды. Осынау мерейлі күнді отбасымызбен көп күттік. Өзім төрт баланың анасымын. Балалар әлі жас. Үйсіз-күйсіз көшіп-қону қиын, әрине. Әрдайым өз үйіміз болса ғой деп армандайтынбыз. Міне бүгін сол тілегіміз де орындалды. Алдымен, Алла дейтін қазық ғой. Содан соң көп балалы аналарға тиімді жағдай жасап жатқан мемлекет және қала басшылығына зор алғысымды білдіремін, — деді жаңа үйдің иесі атанған тұрғын Гүлназия Қайратова.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## БАСПАСӨЗ – 2020!

### «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғастырылып жатқанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке 10 айға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 3300 теңге;

Редакциядан келіп алу – 2500 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 5800 теңге;

Редакциядан келіп алу – 5000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:  
8 7102 71 00 55, 77 50 25

## АЛТЫН ОРДА – 750

## ЖОШЫ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛЫСЫ

Жошы – 1179 жылы Темужиннің (болашақ Шыңғысхан) отбасында дүниеге келген тұңғыш ұлы. Бұл уақыт монғол даласы руаралық тартыстарға толы саяси бақталастықты бастан кешіп жатқан кез еді. Сондықтан ат жалын тартып мінген жас Жошы да әке билігін нығайтуда өз еңбегін сіңірді. Ол бала кезінен түркі-монғол халықтарына тән әдетпен ат құлағында ойнап, садақ тартып, белдесуді машық қылады. Шағатаймен (інісі) сөзге келіп қалғанда Жошының «Қаталдығыңнан басқа сенің менен қай жерің артық? Егер садақ тартып сенен жеңілсем, қолым сынсын, күресіп сенен жығылсам, жығылған орнымнан қайтып тұрмайын» деп сөйлеуі – осының дәлелі.



Жошының батыс бағытқа жібереді. Жошы әскері Сығанақ қаласын алады, одан әрі Сырдың төменгі ағысындағы Жент, Баршынкент, Асанас, Жанкент секілді қалаларды бірін соғыспен басып алса, бірін бейбіт түрде өзіне қаратады. Хорезмдік даңқты қолбасшы Темір Мәлік осы жорықта Жошының әскерімен қақтығысып, үнемі қиындықтар тудырып отырды.

Өзіне тапсырған міндетті сәтті аяқтаған Жошы 1220 жылы Самарқанд түбінде негізгі қолға келіп қосылады. Самарқанд алынғаннан кейін, Шыңғысхан Жошының Шағатай мен Үгедейге қосып, Үргеніш қаласын алуға аттандырады. Осы Үргенішті алуға Жошы мен Шағатай арасында келіспеушілік орын алады. Осы

себепті Шыңғысхан қолбасшылығы Үгедейге тапсырады. Әбілғазының жазуынша, Шыңғысханның бұл шешімі Жошының әкесіне деген ренішін тугызып, кері қайтып кетуіне себепші болады. Үргеніштің алынуымен 1221 жылы Жошы үшін Хорезм жорығы аяқталады. Ол Ертіс бойындағы өзінің ордасына ат басын бұрады. Бұл уақытта монғол әскерінің дені әлі жорықта болатын. Жоғарыда жазғанымыздай, бұл әскери жорық алты жылға созылып, тек 1224 жылы ғана аяқталады.

Шыңғысханның ұлдарының арасында Жо-шының әскери қабілеті жоғары екені бірден байқалады, өйткені ол қашанда әскердің авангардынан табылады. ▶▶▶ 5-бетте



1206 жылы Онон өзені бойында өткен құрылтайда Монғол мемлекеті құрылғаны жарияланып, Темужин «Шыңғысхан» деген есіммен таққа отырады. 1207 жылы Шыңғысхан Жошыны «орман елін» жаулауға аттандырады. Жорықтан жеңіспен оралған оған әкесі жаулап алған елінің билігін қалдырады.

Тарихшы З.Қинаятұлы атап көрсеткендей, Жошы хан монғол әскерінің батыс жорықтарында Жебе, Сүбейді батырлармен бірге үнемі алда болады. 1216 жылы меркіттерді қуалап барған Жошы мен Сүбейді бастаған монғол жасағы Торғай даласында (кейбір көзқарасша Ырғыз бойында) Хорезмшахтың әскерімен кез келеді. Саны жағынан өзінен үш есе көп хорезмдік әскерге сескенбей шабуыл жасаған монғолдар Мұхаммед Хорезмшахтың өзін қолға түсіре жаздайды. Тек бұл қатерден оның баласы Жалаладдинның жанкештілік

әрекеті құтқарып қалады әрі Жалаладдин Хорезм әскеріне төнген қиын жағдайды түзеп, монғол әскерінің екпінін басады. Түнгі тыныштықты пайдаланған Жошы мен Сүбейді әскерін кері алып кетеді.

Шыңғысханның Хорезмшахқа қарсы негізгі әскери жорығы 1219 жылы басталады. Бұл соғыс тұтастай 6 жыл уақытқа созылып, Хорезм мемлекетінің толық күйреуімен әрі Мұхаммед шахтың құсадан өлуімен аяқталады. Бұл әскери жорық барысында монғол әскері Хорезмшах жеріне екі тараптан, яғни бірі – Шыңғысханның өзі бастаған негізгі қол Жетісу, Шу-Талас арқылы келіп қилікесе, Жошы, Жебе мен Сүбейдінің басшылығындағы екінші қол Ферғана жағынан басып кіреді. Екінші жасақ жол бойындағы кезіккен әскерлерді талқандап, елді мекендерді от пен күлге айналдыра отырып, 1219 жылдың қыркүйек айында Отырар түбінде негізгі қолға қосылады.

Шыңғысхан Отырарды алуды Шағатай мен Үгедейге жүктеп,



ӘЛИМА САДЫҚОВА:  
«БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ  
МЕКТЕП ФОРМАСЫН ТЕГІН БЕРЕМІЗ»  
БҰРЫН УНИВЕРСИТЕТТЕ ДӘРІС ОҚЫҒАН  
БИЗНЕС–ВУМЕН ТІГІН ЦЕХЫН АШЫП,  
МЕКТЕП ФОРМАЛАРЫН ТІГУМЕН  
АЙНАЛЫСАДЫ

SARYARQA-АҚПАРАТ

СУДЬЯНЫҢ ПРОЦЕСТІК РӨЛІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРЕДІ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Жоғарғы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мейрамбек Таймерденов судьялар жұмысында жоспарланып отырған өзгерістер туралы айтып берді.

Жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды.

Заң жобасы үш бағыттан тұрады. Біріншіден, соттар жұмысын заманауи форматқа келтіру. Екіншіден, азаматтық процесітегі тиімділікті арттыру, үшіншіден, сот ісін жүргізудегі цифрландыру қамтылды. Бұл түзетулер біздің азаматтарға не береді? Соттарға «Неге судья істі қарағанда оның ақ-қарасына терен үнілмейді», «Неге тек ұсынылған дәлелдерді қанағаттандырып, шешім шығарады?» деген сын айтылады. Осыған себеп – қолданыстағы Азаматтық процесілік кодекстің талабы. Кодекс бойынша судья ешбір жағдайда талап-арыз аясынан шықпауы тиіс, оны міндеттеп қойған. Тараптар нені талап етсе, тек сол мәселені қарап, тек сол мәселе бойынша ғана шешім қабылдауы керек. Өз бетінше басқа мән-жайларды анықтауға, өзге дәлелдерді сұрауға судьялардың еш құқығы жоқ, – деді Мейрамбек Таймерденов.

Осы орайда ол бүгінгі Азаматтық процесілік кодексте судьяның қолы байлауы екенін атап өтті.

Бұл проблеманы шешудің бір ғана жолы бар, яғни судьяның процесілік рөлін түбегейлі өзгерту. Әділ шешім қабылдау үшін ол дауды жан-жақты, егжей-тегжейлі түсініп, анықтауы керек. Бұл дегеніміз, судья процесілік жағынан еркін болуы керек. Қандай уәжді немесе дәлелдерді зерттеу керек екенін ол өзі анықтауы керек. Бұл біз ашып отырған жаңалық емес, озық дамыған елдердің соттарында қалыптасқан тәжірибе, – деді Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы.

Оған қоса, жоба бойынша судьяларды қабылдаған шешімдерін, құқықтық салдарын, яғни судьяның нақты осы іс бойынша неге мұндай шешімге келгендігін тараптарға процесітен кейін түсіндіруді міндеттеу ескерілген.

МӘМС: халыққа көрсетілген медициналық қызметтердің саны артты

Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылған алғашқы айда елімізде халыққа көрсетілген консультативтік-диагностикалық қызмет саны 2019 жылдың қантарымен салыстырғанда 27% артты. Атап айтқанда, КТ және МРТ қызметін тұтыну көлемі 54%, УДЗ – 21% өскен. Бұл туралы «Әлеуметтік-медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалының директоры Нұрлыбек Қабылқаров мәлімдеді.

Филиал басшысының айтуынша, 2020 жылы бағасы қымбат болып келетін компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография, стоматология сынды қызметтерге ақы төлеу схемасы өзгерді. Бұрын қызмет ақысы консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін клиникаға тікелей аударылатын болса, бийлдан бастап емханалар арқылы төленеді. Ол үшін қосымша келісімшарт бекітіледі. Бұған дейін КТ, МРТ, ПЦР, ИФА-анализ сынды зерттеулер тек әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарға ғана тегін көрсетіліп келсе, бийлдан бастап бұл мүмкіндікті сақтандырылған азаматтар да пайдалана алады.

2019 жылы Алматы қаласында денсаулық сақтау саласына 119,3 млрд теңге бөлінді және берілген қаржы толық игерілді. Бекітілген жоспар бойынша, 2020 жылы 182,2 млрд теңгенің қызметі сатып алынбақ. Оның 110,7 млрд теңгесі – тегін медициналық көмек пакетіне, 71,4 млрд теңгесі – сақтандыру пакетіне тиесілі. Яғни, жаңа реформа мен тарифтерді тенеітіру нәтижесінде бийл Алматы қаласының денсаулық сақтау саласына жұмсалатын қаражат 1,5 есе артып отыр, – деді Нұрлыбек Қабылқаров.

Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша 173 медицина ұйымы қормен келісімшарт бекіткен. Оның 144-і тегін медициналық көмек пакеті шеңберінде қызмет көрсетеді. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын емдеу ұйымдарының 51%-ы – жеке меншік клиникалар.

Міндетті сақтандыру пакеті бойынша 152 медицина ұйымымен келісімшарт бекітілген. Оның 55% – жеке меншік.

Қазір қызмет көрсетуші клиникалармен сақтандыру пакетіне енген медициналық қызметтерді толыққанды көрсету бағытында жұмыс жүріп жатыр. Себебі, бийлдан бастап қос пакет шеңберінде көрсетілетін қызмет көлемі дәуір артты. Мысалы, бүгінгі күні Алматы қаласында пациент денсаулығын қалпына келтіру және оңалтумен айналысатын емдеу нысандарының саны 62-ге жетті.

Өткен жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша оңалту қызметін көрсететін емдеу ұйымдарының саны төртеу ғана болатын, – деп атап өтті Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы жетекшісі Тілеухан Әбілдаев.

Оның айтуынша, қаладағы барлық емханалар мен клиникалар тегін медициналық көмек және МӘМС пакеттеріне енген қызметтерді көрсетуге қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған.

Медициналық сақтандыру қорымен жұмыс істейтін емдеу орындарының бәрі пациенттерге ыңғайлы болу үшін төлем терминалдарын орнатып жатыр. Мұндай аппараттар сақтандырылмаған азаматтардың жарнаны ғимараттан шықпай-ақ төлеп, бірер сәтте жүйеге енуіне мүмкіндік береді, – деп қорытты Т.Әбілдаев.

АРСЕНАЛДАР МЕН ҚОЙМАЛАРДЫҢ АУМАҚТАРЫНДА ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын жұмысқа алды.

Парламент депутаттары әзірлеген заң жобасында Қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар арсеналдарының, базалары мен қоймалардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі заңнаманы жетілдіру, оқ-дәрілерді сақтау кезінде төтенше жағдай туындаған сәтте халықты, азаматтық және басқа инфрақұрылымды қорғау көзделді, – деді Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Ерман.

Оның сөзіне қарағанда, заң жобасында арсеналдардың, базалар мен қоймалардың аумақтарында ғимарат пен құрылыс нысанын салуға, оларды пайдалануға тікелей байланысты емес шаруашылық және өзге де қызметті жүргізуге, ұшу аппараттарын пайдалануға тыйым салуды енгізу қарастырылған.

Сондай-ақ, көрсетілген заң бұзушылық үшін әкімшілік айыппұлдарды қолдану жағдайы кеңейтіледі.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша 2020 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын, – деп нақтылады М. Ерман.

ТУҒАН ЖЕР

«ОБЛЫСТЫҢ ӘРБІР ЕКІНШІ КӘСІПКЕРІ – «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ»

Қарағанды облысының әрбір екінші кәсіпкері – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қатысушысы. Бұл туралы брифингте Қарағанды облысының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің жетекшісі Гүлнәр Құрбанбаева мәлім етті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасына үш жыл толды. Осы уақыт ішінде жобалар саны 2019 жылы 200-ден 1000-ға дейін өсті. Және де бұл жай ғана ресми есептер. Облыс тұрғындары өздерінің қызықты идеяларын ұсына бастады, біз оларды қолдай бастадық. Бізде азаматтық бастамалар күні пайда болды, адамдар облыста өмір сүруді қалай жақсартуға болатыны туралы өз ұсыныстарымен келеді. 25-тен астам жоба қаржыландырылды және іске асырылды. Қайырымдылық акцияларға қатысатын әлеуметтік жобалар мен адамдар саны арта бастады. Біздің жасаған сараптамалық бағалауымызға сай, облысымызды әрбір екінші кәсіпкері – осы бағдарламаның қатысушысы болып табылады. Әлеуметтік жобалардың көпшілігін меценаттар мен еріктілер жүзеге асырады. Яғни, 88 000 кәсіпкерлік субъектілерінің жартысы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысатын кәсіпкерлеріміз», – дейді Гүлнәр Құрбанбаева.



Бұл келген адам өз бастамасы бойынша жүгіне алатын нақты алаң. Және оның идеясы қолдау табуы мүмкін. Бірігіп, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге, мұқтаж адамдарға көмектесуге болады.

Жыл сайын тұрғындармен, кәсіпкерлермен, кәсіпорындардағы қызметкерлермен, УЕҰ-мен маңызды мәселелер туралы түсініктеме беру және ол туралы айту үшін Жобалау кеңесі 100-ден астам кездесулер өткізеді. Бүгінгі біздің өңірде және жалпы елімізде бар міндеттерді бірге шешейік. Біз өңірдегі 431 елді-мекеннің барлығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысқанын қалаймыз. Мемлекеттік органдар мен азаматтық сектордың күш – жігерін біріктіріп, бағдарламаны облыс тұрғындары үшін неғұрлым қызықты ету үшін жұмыс жасауымыз қажет, – дейді ол.

Қарағанды облысы әкімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша штаттан тыс



кеңесшісі Бекзат Алтынбеков ағымдағы жылға арналған жоспарлар туралы айтып берді. Оның айтуынша, өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне көп көңіл бөлінбек.

Был өңірде бірнеше жоба жүзеге асырылады. Мысалы, Абайдың 175 жылдығына арналған іс-шаралар аясында «Абайдың інілері – қазақтың ірілері» атты поэзия күнін өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ, биылғы жылы Қарағанды облысының 100 жаңа есімі анықталып, әр аудан мен қала бойынша көрнекті тұлғалардың тізімі жасалады. Сондай-

ақ, қасиетті орындардың сайты және оларға жолсілтемелер жасалады. Сондай-ақ, «Туған жерге туынды тік» атты жерлестер форумын өткізу жоспарда бар, – деді Бекзат Алтынбеков.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының ережелері негізінде әзірленді. Онда ұлттың жаңа тарихи кезеңдегі негізгі мақсаты белгіленген: рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту, әлемнің дамыған 30 мемлекеті қатарына кіру.

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ ТУДАҢ ЖАҢА ҰЛГІЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қарағандыда «Ұлттық кеңес: әлеуметтік жаңғырту» атты сараптамалық кездесуі өтті. Онда Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму жолдары талқыланды.



Кездесуге ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрайымы Әлия Ғалымова, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері, УЕҰ өкілдері, ғалымдар, журналистер мен блогерлер қатысты.

Кездесудің модераторы Қоғамдық сенім Ұлттық Кеңесінің мүшесі, Еуразиялық интеграция институтының директоры Ерлан Саиров болды.

Әлия Ғалымова азаматтық қоғамды дамытуға және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» Концепциясын жүзеге асырудағы ҚСҰҚ рөлі туралы айтып, Оның пікірінше, елдегі қазіргі заманғы үдерістер қоғам дамуының тұрақты үлгілерін іздестіруді талап етеді. Бұл ретте оларды азаматтық бастамаларды ескермей құру мүмкін емес.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов әлемдік тарих елдерге жоғары бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік берген сәтті жаңғыртулардың көптеген мысалдарын білетінін атап өтті. Осыған байланысты дамудың нақты басымдықтары мен тетіктерін айқындау маңызды. Абзал Нүкеновтың пікірінше, қазіргі кезеңде Қазақстанда жаңғырту үдерісі жаһандық әлеуметтік-экономикалық, ақпараттық трансформация жағдайында жүріп жатыр. Осыған байланысты қойылған міндеттерді шешу үшін қоғамды жұмылдыру өте маңызды.

Әлия Ғалымова «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы»

заң жобасының ерекшеліктерін түсіндірді. Онда осы заңды реттейтін жиналыстардың түрлері мен нысандары нақты жазылады. Бейбіт жиналыстар өткізу өтінімдерінің хабарлама (250 адамға дейін қатысушылар санымен) және регламенттелген (250 адамнан астам) тәртібі енгізіледі. Барлық қатысушылардың құқықтары мен өкілеттіктері анықталды. Жергілікті өкілді органдар әрбір елді мекенде бейбіт жиналыстар өткізу мүмкін болатын арнайы орындарды (шеткі жерлерде емес) айқындайтын болады. Сондай-ақ, заңда алғаш рет журналистердің құқықтары мен міндеттері жазылған, олардың митинг орнында болуға және өз жадықтырын пайдалануға құқығы бар.

Бүгін біз осы заң жобасын талқылау үшін жиналып отырмыз. Мұнда айтылған барлық ұсыныстар талданып, ескерілетін болады, – деді Әлия Ғалымова.

Еуразиялық интеграция институтының директоры Ерлан Саиров қазіргі кезеңде мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты құрудың, қазақстандықтардың сана-сезімін арттырудың және елдің халықаралық имиджін қалыптастырудағы әрбір жеке азаматтың рөлін атап өтті.

Бүгін біз жаңа қоғамдық-саяси болмыста өмір сүреміз. Халық үніне құлақ түретін мемлекет тұжырымдамасы жарияланды, елдегі саяси өмірді ырықтандыру мәселесі қойылды, жылдың соңына дейін көптеген маңызды заңдар өзгеріске ұшырайды. Сонымен қатар, мемлекет пен қоғам экономикалық теңсіздік мәселелерін бірлесіп шешу, әлеуметтік шығу тегі бар аурулардың алғышарттарын жою керек, – деді ол.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар мен билік арасындағы диалогтың жаңа форматына ерекше көңіл бөледі. Оның бастамасымен құрылған ұлттық қоғамдық сенім кеңесі қоғамдық процестер саласында жаңа идеяларды әзірлеудің тиімді алаңына айналды.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

САЯСАТ

ПАРТИЯ ЖАСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Еліміздің басты саяси партиясы күніне орай «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жұртшылықпен кездесті.

«Nur Otan» партиясының – ел тарихындағы маңызға толы кез келген оқиғаға қалдырған қолтаңбасы бар. Біздің партия ұдайы халық жанынан табылып, сенімін ақтауға тырысты. Шынайы еңбек пен талпыныстың арқасында нақты нәтиженің, ілкімді істің партиясы атанып, елдің көңілінен шыға білді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Nur Otan» партиясы бүгінде Қазақстандағы ең белді, партия мүшелері саны ең көп халықтық басты сенім арттар тіргеніне айналды. Бұл, алдымен, білгір басшылар мен еңбекқор партия мүшелерінің арқасы. І наурыз дәстүрлі түрде «Nur Otan» партиясының күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн жалпыхалықтық алғыс айту күнімен де тұспа-тұс келіп отыр. Осынау айтулы күнмен баршаңызды құттықтауға рұхсат етініздер, еңбектеріңізге толайым табыстар тілеймін, – деді Бауыржан Қабылқаров өзі сөзінде.

Жиын одан әрі партия құрамына жаңадан

қабылданған Дулат Қалиев, Асылбек Бекішов, Азамат Шахман, Данияр Асқаров, Никита Юдин, Ажар Егізтай, Қасым Жақыпбеков, Аслан Абдурахитов, Максим Кончи, Алексей Зеленикинге партия билеттерін табыстаумен жалғасын тапты. Ал тікелей Елбасының жарлығымен берілетін партияның ең жоғары марапаты «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісін Бауыржан Шыңғысов № 45 Оңтүстік Жезқазған жер асты шахтасының бастығы Дулат Бесбаеваға табыстап, құттықтау лебізі мен ыстық ықыласын білдіріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Одан әрі партияның саяси кеңес мүшелерінің жұмыс отырысы өтті. Онда «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының құрылымдық бөлімдері мен бастауыш партия ұйымдарының есебі тыңдалып, нақты тапсырмалар жүктелді.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН



ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК МАРАПАТЫ



Жиын мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің Жезқазған аймағы филиалы төрайымы Раушан Қожабаева мен Жезқазған қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Ләззат Күнеділованың құттықтау лебізімен басталып, марапаттау рәсімімен жалғасын тапты.

Сонымен, Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен № 13 ЖОББМ-нің мұғалімі Сағындық Төребаева мен Бибиария Рахымжанова және № 1 ЖОББМ-нің мұғалімі Мереке Ахметова марапатталды. Ал, Қарағанды облысы білім басқармасының Құрмет грамотасын № 7 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінің ұстаздары Гүлсім Жақыпбекова, Ләззат Үмбетова, Гүлбарха Есмұрзина, Жанар Шайғозова, Қамария Жанайдарова иеленді. Жиын барысында көптен күт-

кен қалалық «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болған бастауыш кәсіподақ ұйымы инспекторларының есімдері де белгілі болды. Байқау қорытындысына сәйкес І орын мен 30 000 теңгелік сертификаттарды № 11 ЖОББМ мен № 1 «Көктем» бөбекжайының техникалық қызметкерлері Айтжан Жаппасова мен Надежда Комарова иеленді. II орын мен 25 000 теңгелік сертификат № 8 қазақ гимназиясының техникалық инспекторы Думан Сәдір-исламға бұйырды. Ал, III орын мен 15 000 теңгелік сертификатты №10 ЖОББМ-нің техникалық инспекторы Шынар Тасмырзаева қанжығалады. Сонымен қатар, № 21, № 24, № 13 және № 2 Кенгір ЖОББМ-нің техникалық инспекторлары Дәуір Өкеш, Ирина Главатчук, Эльмира Ахметова мен Рысбике Тақашова 5000

Дүниежүзілік әлеуметтік әділеттілік күні «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ одағы» ҚБ Жезқазған қалалық білім беру саласы қызметкерлері кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Білім саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық негіздері» тақырыбында семинар өтті.

теңгелік ынғаландыру сыйлығына ие болды.

Семинар барысында кәсіподақ ұйымының заңгері Дархан Жақыпбек қатысушыларға 2020 жылы өзгеріс енгізілген «Педагог мәртебесі» туралы заңмен де толығырақ таныстырды.

Педагог мәртебесін арттыру мақсатында Білім және ғылым министрлігіне 40 000-нан астам ұсыныс жолданыпты. Олардың ішінде бірқатары мақұлдана, кейбіреулері жауапсыз қалды. Осы орайда бізде аймақ ұстаздары атынан өз ұсыныс-тілектерімізді жолдадық. Қазір бұрынғыдай емес ұстаздарға барынша қолайлы жағдайлар жасалуда. Соның нәтижесінде Жезқазған аймағында орналасқан ауылдар отын-суға тиесілі 25 200 теңгені алатын болды. Облысымыздың өзге аймақтарында бұндай сома алмақ түгілі ол туралы мүлде естіп көрмеген ұстаздар да бар екендігі белгілі болды. Бізде қазір бұндай оқиғалар жоқ. Ұстаздарды қуаныш отырған жағдайдың бірі – жаңа заңнаманың қолданысқа енуі болып отыр. «Педагог мәртебесі» туралы заңға сәйкес ұстаздардың жалақысы 25 пайызға артты. Сонымен қатар, жалақы мөлшерін төрт жыл ішінде тағы да екі есе арттыру міндеті қойылды. Сондай-ақ, мұғалімдер қауымы өз міндетіне кірмейтін жұмыстардан босатылады. Пән

мұғалімдері дәлгер тексергендігі үшін де қосымша ақы алады. Жаңадан жұмысқа орналасқан жас мамандарға тәлімгерлік үшін 1 базалық лауазымдық жалақы, яғни 17 мың теңге төленеді. Ал, педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30 бен 50 пайыз аралығында жаңа қосымша ақы енгізіледі. Сондай-ақ, магистрлік білімі бар педагогтердің жалақысына 25 000 теңге көлемінде ақша қосылды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы үшін педагогтерге 1000 АЕК мөлшерінде біржолғы сый-ақы да қарастырылып отыр. Ол 2,5 млн-ды құрайды. Мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына білік санаты үшін жалақы көлемі артып, барша педагогтер қауымының еңбек демалысы қырық екі күннен, елу алты күнге ұзартылды. Енді тек мұғалімдерге жүктелер негізгі міндет – оқушыларды сапалы білім нәрімен тәрбиелеу, – деді өз сөзінде ол.

Аталмыш заң аясында ұстаздар арасында «Екі жылдықтан қатар бір жарым жылдық магистр дәрежесін иеленген ұстаздарға да қосымша жалақы қосылады ма?» деген сауал туындаған. Көтерілген мәселеге сәйкес заңгер маман министрлікке хат жолданғандығын, оның жауабы таяу күндері белгілі болатындығын жеткізді.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# САНАҚ САБАҚ БОЛҒАЛЫ ТҮР

Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбетдиннің төрағалығымен жиналған қалалық комиссия мүшелері 2020 жылы өтетін халық санағына дайындық барысын пысықтады.



Жұмыс отырысының күн тәртібіне маңызды деген төрт мәселе шығарылды. Оның алғашқысы бойынша статистика басқармасының басшысы Айжан Қараева баяндама жасады. Ол өз сөзінде Үкімет Қаулысымен бекітілген биылғы жылғы санақтың негізгі кезеңі 1-30 қазан аралығында жүргізілетінін жеткізді.

– Жалпыұлттық халық санағының дайындық кезеңін маусым айының 1-і мен 30-ы аралығында жүргізу жоспарланып отыр. Бұл кезеңде тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттардың тізімі жасакталып, ұдайы тұрғылықты мекенжайы бойынша тұратын тұрғындардың саны шығарылып, елді-мекендердің картографиялық материалдарын өзектендіру жұмыстары қолға алынады. Халық санағын жүргізудің екінші, яғни негізгі кезеңінде мәліметтер екі әдіспен жинақталады. «Өзін-өзі тану» әдісі 1-15 қазан аралығында комитеттің интернет-ресурсы арқылы онлайн режимде жүргізілсе, 1-30 қазан аралығында интерьюерлер жаппай сауалнама алады, – деп халық санағын жүргізудің тәртібі хакында кеңірек баяндаған басқарма басшысы санақ кезінде қағазбастылық жол берілмейтінін жеткізді. Енді халық санағын жүргізетіндерге арнайы бағдарлама орнатылған планшеттер тапсырылады. Бұл өз кезегінде санақты жүргізуде еселеп жеңілдетеді деген сөз. Науқан кезінде еңбек келісім-шарты негізінде 4 өкілетті тұлға қабылданады. Одан бөлек дайындық кезеңінде төрт нұсқаушы-бақылаушы мен 21 интерьюер жұмылдырылады. Ал, негізгі кезеңде 15 нұсқаушы-бақылаушы мен 107 интерьюер жұмыс істейтін болады.

Баяндамашы Айжан Өмірзаққызы халық санағын жүргізу кезінде қиындық тудыратын мәселелерді жіпке тізді. Олардың алғашқысы атауы жоқ көшелер. Облыс көлемінде мұндай көшелердің саны – 236 екен. Жезқазған қаласында – біреу. Бұрынғы Б.Момышұлы көшесі. Сонымен қатар, Өуезов көшесінде нақты бір мекенжайы жоқ үйлер де, даладан үй соққан шаруа қожалықтары да ертенгі күні кедергі келтіретінін ашық айтылды. Жезқазған қаласының мекенжайы регистрі мен елді-мекендердің схемалық жоспарында да олқылықтар жоқ емес. Қала картасына 2016 жылдан бері салынған үйлер де кірмей қалған. Осы ретте жауапты мекемеге, атап айтқанда, Жезқазған қаласының сәулет

және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт Смайловқа жұмысты ширатуды қадап тапсырған Аманғали Әбдіхалықұлы 20 наурызға дейін мекенжайы регистрі мен картаны ретке келтіруді талап етті. 2019 жылы қала көшелеріне 400 маңдайша орнатылғанын тілге тиек еткен тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Кирилл Даниярұлы жеке тұрғын үй секторы мен қаланың кейбір көшелерінде орнатылмаған маңдайшаларға қосымша қаржы сұрап өтінім беру тапсырылды. Қазіргі таңда қала бойынша 234 маңдайша қажет. Сондай-ақ, жарықтандырылмаған 5 көшенің де мәселесін шешу де қарастырылатын болды.

Жезқазғанда қайталанып кеткен екі бірдей Б.Момышұлы мен С.Сейфуллин көшелерін дұрыстауға көше атауларын өзгертуге жарияланған мараторий қолбайлау деп мәселенің мәнісін түсіндірген Салтанат Нұрлыбаева мен халық санағын жүргізу науқанын ақпараттандыруды қамтамасыз етуге жауапты Мерке Мырзабековаға да нақты тапсырмалар жүктелді. Халық санағының ойдағыдай өтуіне тікелей жауапты мекемелер өзара әріптестікті нығайтуы қажеттігін алға тартқан Аманғали Мұхамбетдин әр апта сайын тапсырмалардың орындалысы жөнінде есеп беру жиындары өтетінін хабарлады.

Диана ОРАЗАЛИНА

# ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

«Көктем – 2020» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті

«Көктем – 2020» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы аясында қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапановтың жетекшілігімен дайындық шарасы өтті.

– «Көктем-2020» оқу-жаттығу жұмысының негізгі мақсаты – азаматтық қорғау жүйесінің басқару органдарының көмегімен көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары әсерінен туындайтын апаттардың алдын алу. Биылғы жыл қарқынды жауы. Бұл – көктем айларындағы тасқынға әкеліп соғып, жол қатынасына қиындық тудыруы мүмкін. Бүгін жергілікті атқарушы органдардың басқару органдары мен күштерін дайындыққа келтіру үшін таңғы сағат 9-да «Бастау – 1001» оқу-жаттығу дабылы соғылды. «Сақтансаң, сақтайды» дегендей, алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізіп отырғанмыз жөн, – деген қала әкімінің орынбасары қалалық төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлеріне қамсыз отырмауды тапсырды.



Жезқазған ТЖБ бастығының орынбасары, подполковник Сұлтан Ахметов жиын қатысушыларына екі күнге созылатын штабтық оқу-жаттығулардың 9-орамда, Кеңгір су қоймасы «Лагуна» жағажайы және ТЖБ ауласында өтетіндігін және «Бастау – 1001»-мен қатар «Тұлпар – 2002», «Үзіліс – 3003», «Номад – 4004», «Аспан – 5005» оқу-жаттығу дабылдарының соғылатындығын хабарлады.

Алдағы күндері толассыз жаңбыр жауып, қатты жел соғатындығын айтқан Сұлтан Ахметов қала әкімі орынбасарынан волонтерлер көмегімен қаланың кейбір көшелерінде қар күреу жұмыстарын ұйымдастыру керектігін, соған сай өз еркімен қол ұшын созар белсенді қала тұрғындарын іздестіретіндігін айтып өтті. Аталған мәселеге сай Қайрат Бапанов Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мерке Мырзабековаға волонтерлармен қамтамасыз етуді, сондай-ақ, болжанған ауа райының қолайсыз жағдайлары туралы қала тұрғындарына хабарлауды тапсырды.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

# МЕЦЕНАТ БАСПАНА ҰСЫНДЫ

Мемлекет басшысының халықтың осал топтарын әлеуметтік қолдау бастамасы аясында жергілікті меценат, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков баспаға мұқтаж мүгедек анаға баспана ұсынды.

Бұған дейін де демеушілігімен танылған Жезқазған бизнес және көлік колледжінің құрылтайшысы Бекзат Алтынбеков бұл жолы өзіне тиесілі көпбөлмелі үйден 1-топтағы мүгедек, екі бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана Арайлым Алдамқұловаға екі бөлмелі пәтер берді.



– Осыған дейін пәтер жалдап келдім. Мүгедек ретінде алатын жәрдемақының жартысынан көбі пәтерге қажетті. Мектеп жасындағы екі балам бар. 2010 жылдан бері баспана кезегінде тұрмын. Міне, сәтін салып, Бекзат Қомарұлы жанашырлық танытып, баспанаға қол жеткізіп отырмын. Қуанышымда шек жоқ, – дейді меценатқа алғысын жаудырған ана.

Колледж ұстаздарына қызметтік баспана ретінде берілетін көп пәтерлі үйдің бір пәтерін мұқтаж жанға ұсынған қасиеткерге Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Л. Өлкебаева да алғыс білдірді.

Өз тілшіміз



Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтеріміз күннен күнге дамып, халыққа қол жетімді және тиімді бола түсуде. Халықтың көрсетілген қызметтер туралы толық ақпарат алуына барлық жағдайлар жасалған.

Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жоғары сапалы мемлекеттік қызмет алуға барлығының бірдей қол жеткізуі.

Осы арада қолжетімді мемлекеттік қызмет деп бірінші кезекте электронды қызмет алуды айтуға болады. Яғни, электронды үкімет порталы арқылы қолымыздағы цифрлы қолтаңбаның көмегімен, ешбір адамның көмегінен, таныс-тамыр іздеместен, ұзын сонар кезекте тұрмай, ешкімге жалбарынышты болмай-ақ, кез келген қызметті көрсетілген уақытта алу артықшылығына ие болу деген сөз.

Бұл өз алдына мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттырып, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жойып, әрқайсымыздың цифрлы сауаттылығымызды жоғарылатып, бәсекеге қабілеттілігімізді айқындайды.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауындағы нұсқау-арға сәйкес мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетуді

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

халық арасында танымал ету бағытында облыс бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасы бойынша облысымыздың барлық қала, аудандарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкелері өткізілуде, ақпараттық буклеттер таратылуда, ХҚКО, білім беру ұйымдарында, әр ауылдық округ әкімдіктерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды алуға барлық мүмкіндіктер жасалуда.

Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауындағы Азаматтардың барлық сындарын өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бірімізге ортақ міндет деп көрсеткен болатын.

Агенттіктің бастамасымен іске қосылып, бүгінгі күні қызмет алушылар арасында оң бағасын алып отырған «Digital agent» қосымшасын халықпен байланыс орнатуға, халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымдарымен қоса ұсыныс, пікірлерін де қалдыра алатын халық пен мемлекет арасындағы байланыс тегі деп те атауға болады.

Яғни, қызмет алушылардың кез-келген пікірі жылдам әрі уақытылы қызмет берушілер тарапынан назарға алынып, жіберілген оқылықтардың орны толтырылып, орын алған мәселелер бірден шешімін тауып отырады.

Бүгінгі таңда Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес электронды қызметтер саны – 468, соның ішінде «электрондық үкімет» қолжетімді қызметтер саны – 370 болса, қалған 98 қызметті электронды форматта алу үшін қазіргі уақытта бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Мысалға алатын болсақ «Электрондық үкімет» порталында немесе «Gov mobile» мобильді қосымшасы арқылы «сәби дүниеге келгеннен-ақ ата-анасы бала тууды тіркеу, бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарына балаларды кезекке қою деген сияқты алуан түрлі мемлекеттік қызмет түрлерін алып, тиісті құжаттарын ресімдей алады.

Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Мемлекет-азаматтарға» қағидалы негізінде, яғни азамат емес, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктерін алдын-ала түсініп, мекемелерге олардың баруының қажеттілігінсіз мемлекеттік қызметтер көрсету үшін олармен байланысатын, басқарудың жаңа моделі іске асырылуда, яғни тұрғындардың қажеттіліктерін күні бүрын біліп халыққа қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру болып табылады.

Бұған мысал ретінде, қазіргі уақытта мекемелерге баруынсыз, қатысуынсыз көрсетілетін «Бала туу» проактивті қызметін айтуға болады.

Бұл проактивті қызмет арқылы ата-анасы мемлекеттік қызмет алу үшін өтінім білдірмей-ақ, SMS-хабарламалар арқылы жаңа туған нәрестеге ат бере алады, туу туралы куәлік өтінім бере алады, балабақшаға кезекке қоя алады, біржолғы төлем сомасын біле алады, тұрғылықты жері бойынша тіркей алады.

Бұған қоса, Telegram мессенджері 22 онлайн-қызметтерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналды. 2018 жылғы мамыр айында @EgovKzBot – электрондық үкімет порталы боты іске қосылды. Бүгінгі күні бот арқылы сотталықтың болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүліктегі болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы, наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез диспансерінен анықтамалар алу сияқты тағы да басқа қызметтер мен сервистерді алу мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, сұранысқа ие денсаулық сақтау саласының қызметтерін «Damumed» қосымшасы арқылы алуға болатын болса, білім беру саласының мемлекеттік қызметтерін «In-digo» қосымшасының көмегімен қол жеткізуге болады.

Жоғарыда аталған барлық іс-шаралардың басты мақсаты мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттыру болып табылады.

Ә. ӘБДІКЕРІМОВ,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті МКҚБ бас маманы

# ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ – ЖАСТАРҒА

Жастар саясатын насихаттау тобының мүшелері жастар ресурстық орталығының бас маманы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Ізтелеу Түсіп, экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Мейрамгүл Лекерова, халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Эльвира Тойшыбекова, волонтерлер клубының жетекшісі Ыдырыс Қозайдаров және қалалық кәсіпкерлер палатасының консультанты Шолпан Талап Жезқазған жоғарғы медициналық колледжі базасында студенттерімен кездесті.



– Қаланың бірде-бір шарасы медициналық колледжінің белсенді студенттерінісіз өтпейді. Біздің жастар ресурстық орталығы қаламыздағы мектептермен қоса, 8 колледж және университет жастарымен қатар өзге де 29 жасқа дейінгі жастармен тығыз байланыс орнатқан. Қазіргі таңда қаламызда 18 000-нан астам жас бар. Жасыратыны жоқ, олардың ішінде тек студенттер ғана емес, оқу бітірген соң екі қолға бір күрек таппай жүрген жұмыссыз жастар да бар. Біз оларға барынша көмек көрсетуге тырысамыз. Егер тың идеяларың болып жатса біз сіздерге қолдау танытуға даярмыз. Бұл ретте «Jas project» жобасы көмекке келмек. Бұл жоба 1 наурыз күні өз мөресіне жетеді. Жобаға қатысу үшін түрлі құжаттар

дайындап «әуре-сарсаңға түсудің қажеті жоқ. Сіздер үш адамға дейін бірігіп, электронды түрде өз идеяларыңызбен бөлісу қажет. Біз сіздердің армандарыңызды ақиқатқа айналдыратын боламыз, – деді Ізтелеу Түсіп өз сөзінде.

Шара барысында Мейрамгүл Лекерова колледж студенттерін жастарға арналған «Дипломмен ауылға» жобасымен таныстырды. Сондай-ақ, жастарды әлеуметтік қорғаудың негізгі екі бағыты, яғни, 100 АЕК негізіндегі 265,152 теңге көтерме жәрдемақы және жас мамандардың ауылдық жерлерден үй аулары үшін 0,01 %-бен 15 жыл мерзімге дейін рәсімделетін несие туралы кеңірек мағлұмат берді.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

# ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

## ПАРАҚОРЛЫҚ АБЫРОЙ ӘПЕРМЕЙДІ

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтен беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойқылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің мемлекетімізді де бұл кесел айналып өткен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Бірақ алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – паракорлық.

Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару

органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Паракорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және өшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Паракорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілетті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

туралы ақпаратқа ие адам өзі қызметкері болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабар беруі тиіс. Жемқорлық құқық бұзушылықты хабарлаған және басқа да жолмен жемқорлықпен күреске атсалысқан тұлға мемлекет қорғауында болады.

Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Сондықтан, қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып жүресуіміз қажет.

Медет АЙМЕНОВ,  
Қарағанды облысының  
№ 2 қамалетке толмағандардың  
істері жөніндегі мамандандырылған  
ауданаралық сотының бас маманы

# ҚАТАҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАЛАП ЕТІЛЕДІ

2019 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылданған болатын.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 60-бабымен мемлекеттік саяси қызметшілердің өздеріне тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілікте болу шарттары айқындалған.

Аталған шарттарға сәйкес қала және аудан әкімдері өзінің орынбасары, әкім аппаратының басшысы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өзі жетекшілік ететін атқарушы органның басшысы, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі жемқорлық қылмыс жасаған кезде отставкаға шығуға өтініш білдіреді.

Бұл ретте, отставкаға шығуға өтініш беру үшін саяси қызметші тағайындалған күннен бастап қарамағындағы қызметші сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағанға дейін үш ай өтуі керек. Отставкаға соттың айыптаушы үкімі заңды күшіне енген он күн ішінде немесе қылмыстық іздестіру органы немесе сот ақталмайтын себептер бойынша қылмыстық істі аяқтағаннан кейін тағайындау құқығы бар адамның атына беріледі.

Егер, сот шешімі күшіне енгенге дейін немесе қарамағындағы адамға қатысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін саяси қызметші жұмыс орнын ауыстырған болса, онда ол отставкаға өтініш бермейді. Бұл орайда, егер, экс-мемлекеттік қызметшіге қатысты сот үкімі немесе қылмыстық істі тоқтату туралы тиісті акті күшіне енген болса, онда қылмыс жасалған кезінде сол адамның басшысы болған және сол лауазымда қызмет атқарып отырған саяси қызметші отставкаға өтініш береді.

Отставкаға шығу туралы өтініш жолданатын тағайындау құқығы бар адам мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) отставканы



қабылдау; 2) отставкадан бас тарту; 3) тәртіптік жауапкершілікке тарта отырып, отставкадан бас тарту.

Өз кезегінде, мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымдарын атқаратын мемлекеттік қызметшілер өздеріне тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікте болады (жауапкершіліктің туындау шарттары Заңның 43-бабының 4-тармағында белгіленген).

Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының мерсоналмен жұмыс және ұйымдастыру жұмысы бөлімі

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ



Өркениет тарихында өшпес із қалдырғандар қатарында түркі жұртының Төңір жарылқаған тағдырлы оғланы – Әбу Нәсір әл-Фарабидің де есімі аталады. Қазіргі кезде оның жеке басына байланысты жарық көрген еңбектерді ой елегінен өткізсек, бұл тұлға туралы әртүрлі пікір қалыптасқанын байқауға болады.

Әл-Фарабидің жаһандық ғылымда алар өзіндік орны мен тарихи қайраткерлігіне сол кезеңдегі ғылым мен білімнің теориясын меңгеру деңгейіне, жеке бас ерекшеліктеріне тарихи деректер негізінде тоқталуды мақсат еттік.

Дүниенің төрт бұрышына еңбектері мәлім, әл-Фараби қазақ топырағында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырар қаласында (орта ғасырдағы аты – Фараб) 870 жылы дүниеге келген. Дегенмен, ғұлама ғалым бабамыздың киінді қаны тамған жерді анықтау оңайға соқпаған. Бұл істі Ақан Машанов бастаған бір топ ғалым абыройлы атқарып шықты.

*«Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз».*

Әбу Нәсір әл-Фараби



# ӨРКЕНИЕТ ШЫРАҚШЫСЫ

сандр Афродезейский және Әбу Насыр мен Әбу Әли ибн Сина» деп жазған болатын.

Араб тарихшысы, дәрігер-ғалым Ибн Әби Усайбига (1203-1270): «Әбу Насыр біраз уақыт Бағдатта тұрғанымен, кейінірек Шамға (Сирияға) қоныс аударды, сонда ғұмыр кешіп, соңыра сол жерде шайх болды. Өзі ақ көңіл, салиқалы, ойлы, жер үстіндегі уақ-түйек күйбеңін күйттемейтін, азда қанағат, барға тәуба қылған дана-тын. Ол медицина саласында, әсіресе бүйрек ауруының нағыз білгірі еді. Сайф ад-Дин Әбу-л-хасан Әли бин Әбу Әли әл-Амади бірде маған: «Әл-Фараби бірінші рет Димашқ (Дамаск) бағының күзетшісі болған. Ол сонда отырып фәлсафаны айналысты. Тәнертеннен кешке дейін соған қарап шүкішпін отыратын. Осы паннің мағынасының түсінуге киім жерлерін ашты. Тіпті ол науқастыңпн жапты та, түн кездері болса да кітап оқитын, көңіл-күйін кітап оқумен аулаушы еді. Ал киінді (шам) таңға дейін жанып, оған түнгі сақшыдай қызмет ететін. Осылай күндер өте берді. Күндердің күнінде ол ұлы ғалым болды. Тамаша шығармаларымен жұрт назарын өзінге аударды. Оның жанында жүретін көптеген шәкірттері болды», — деп жазды.

Бабамыз бұл дүниеге қызықпаған, мансап қумаған. Замандастары оны: «Бойы орташадан төмен, үнемі түркі киімін киіп жүретін» деп сипаттайды. Ибн Халликан әл-Фараби туралы: «Ол дәптерге өзі жазып, өз ойларын көбінесе жеке парақтарға түсіре беретін болған. Оның көптеген шығармаларының жоғалып кеткені осы бір жағымен байланысты еді. Оның өз үйі болмаған, ол ешқандай да өз қамын ойламаған, өте қарапайым жан еді. Сайф ад-Дула оған қазынадан күн сайын төрт дирхам беріп тұрып бұйырған, өйткені әл-Фараби осы мөлшерді қанағат еткен», — деп жазыпты.

Осы орайда тарихшы Мұхаммед Хусайни Фараби өміріне қатысты мынадай бір қызық жайды баяндайды. Әл-Фараби бірде Дамаскідегі (Сирия) шығыс базарын аралап келе жатып, терлеп-тепшіп етік тазалап отырған бағала көзі түседі. — Балақан, осыны қиналып, маңдай теріңді төккенде күніне қанша дирхам (ақша) тасыяң? — дейді Фараби. Сонда бала: — Екі-ақ дирхам, — дейді мұайып. Ұлы ғалым баланы аяп кетеді де, өзіне күн сайын Сайф ад-Дула жөберіп тұратын төрт дирхамды берді. Кейінірек сол бала Фарабидің ең жақсы шәкірттерінің бірі болған екен.

Ғалымның Бағдатқа келуінің себебі, онда ғалымдар үйі және бай кітапхана болған. Екіншіден, сол кездері Бағдатты басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб өлкесінен болыпты деседі. Өз бетінше де көп ізденген ғалым Аристотельдің, Платонның, өзге де философтардың еңбектерімен танысады. Тек танысып қоймай, оларға терең тандау жасап, өз көзқарасын да білдіреді. Шығыстанушы Е.Э.Бертельс: «Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келіңдерімейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына әдейі бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан олар көбіне грек тіліндегі түпнұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып, аударманы араб оқырманы мүлде түсінейтін жағдайға жеткізді. Тек Фараби еңбектері ғана қонө дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Ғалым Аристотельдің «Категориялар», «Ғерменевтика», «Бірінші және екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Поэтика» секілді еңбектеріне түсіндірме жасады. Осы еңбектері әл-Фарабиді «Екінші ұстаз» атаңдырды» деп жазған.

Әл-Фараби өз заманының көрнекті ғалымдарымен де байланыс орнатып, пікір алмасу отырған. Қай жерде білімнің көзі бар дессе, сонда барып, үйренуге тырысқан. Араб тарихшысы ибн Халликан оның 70-ке жуық тіл білгенін жазды.

Бағдат халифасы Харун әл-Рашид ақындық өнер сыйысы мен оқымыстылардың ой өрелестіруін мейлінше жақсы көрген адам екен. Көптеген ел басқарушылар ұлы халифаға еліктеп өткен. Бірде әл-Рашид сарайында әдеттегідей ой мен өнерсүйер қауымның бас қосуы болып жатады. Бұл қосу рәсімін ең құрметті орынға жайғасқан сұлтан Сейф әл-Дәулет басқарып отырса керек. Бір кезде хабаршы аяғының ұшымен басып жақындап келеді де, сарайға Мұхаммед әл-Фарабидің келіп тұрғанын хабарлайды. — Есімі таныс қой, данышпанды кіргізіңдер! — деп әмір берді сұлтан. Әбу-Наср әл-Фараби залға тәжім етпестен кіргенде жиналған жұрт дағдарып қалады. — Келіп отыруыңызды өтінемін, — дейді сұлтан. — О, ұлы әмірші, қай жерге отырамын? — дейді әл-Фараби. — Мұнда әркім өзіне лайық орынға отырады, — деп тіл қатады сұлтан. Мұхаммед әл-Фараби сұлтанға жақындап келіп, оның әрірек ығысуын өтініпті. Әміршінің сақшылары тіксініп қалады. Сұлтан қонағына орын босатып береді де, қызметшілерін тыныштандырып, сарайдың құпия тілінде былай дейді: — Егер бұл шынымен-ақ ұлы ғұлама болса, кешірім жасайық. Олай болмай шықса жазасын тарталды. Сабыр сақтаңдар! Сонда Мұхаммед әл-Фараби жымнып күледі де: — Айтқаныңыз жөн, әміршім, сабырлық ерқашан да данышпандар мен құдіреттілердің үлесіне тиген, — деп, жанағы құпия тілде жауап қатады. — Сіз бұл құпия сарай тілін қайдан білесіз? — деп танықтайды сұлтан. — Мен жеті тіл білемін, — дейді Мұхаммед әл-Фараби. — О, сөзің қадірлі білетің ұстазым, онда осы басыз сізде болсын, құлағымыз сізде! — деген екен сұлтан Сейф әл-Дәулет.

Қабдол ӨУЕЗОВ, тарихшы

Әсет – қазақтың көрнекті лирик ақыны. Замана шындығын шынайы суреттеу, айналасында болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды айқын көркем жеткізу – Әсет лирикасына тән қасиеттер.

# АБАЙМЕН РУХТАС ӘСЕТ АҚЫН



175 ЖЫЛ Абай Құнанбайұлының туғанына

Ұлы Абайдың сөз өнеріне деген ерекше ықыласын сезіне жүріп қалыптасқан Әсет о бастан-ақ ақындық өнер жолындағы өзінің биік нысанасын, асыл мұратын жете түсініп, лирикалық поэзияны айрықша қастерлі дүние деп есептеді. Оның болашақтағы шығармашылық өсу жолына үзілмесе желідей болған идея да осы сезімнен туды. Халқының мұңын жырлау, адам бойындағы жақсылық-жамандық қасиеттерді бағалау оның лирикалық шығармаларының тақырыптық аясын айқындап берді.

Әсеттің ақындық өнер жолында үлгі-өнеге алған ұстазы – Абай. Әсет 1889 жылдан бастап ұлы ақынның ауылында болып, Абайдан тәлім-тәрбие алған талантты шәкірттерінің бірі. Әсет мұраларының он бойында Абай өнегесі өріліп жатады. Оның лирикалық шығармаларында ақынның айналасында болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды Абайша қабылдау және оларды Абайша шыншылдықпен, шынайы суреттеу қасиеті, шыншылдық дәстүр нышаны айқын аңғарылады.

Сұрасаң, ақиқатшыл атым Әсет, Айтпай-айтай болдырдым арым кетіп, — деп Әсет алдымен өз заманының шындығын көре білді, әр құбылысқа сыншыл көзқараспен қарады. Бұл орайдағы ой-түйіндері қалың елі — қазағымын қамын ойлап, шарқ ұрған Абайдың сезім-күйлерімен тамырласып жатыр. «Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан», «Сарбаздар санасы жоқ сатылып жүр», «Жас жігіт нағандықпен алданады» т.б. өлеңдерінде ақын өз ортасының ащы шындығын бейнелейді, халқының басындағы ауыр тағдырға күйзеле отырып, өзінің ақындық, азаматтық парасатын паш етеді. Әсет өлеңдерінде Абай поэзиясына тән имандылық қасиеттердің ізі сайрап жатыр. Ол ардайым шыншыл болуды, адамдық қасиеттерді бәрін де жоғары қоюды талап етеді.

Абай табиғаттың көркем көрінісі мен сан алуан суреттерін толық береді. Ал, Әсет «Мұңды қыз» өлеңінде табиғат көріністерін былайша суреттейді: Шілденің жаңа жайлы күншуағы, Жайпаған жаңға рахат жапырағы. Көңіл хош бір Алланың нұрыменен, Тенеліп көтерлер жаныңа бағы. Майысып гүл мен ағаш қарағанда, Желкілеп жерде жүз, сарымсағы. Бұлбұл, әнішіл құстар өлең айтсын, Шымырлап қуат балқып бойыңдағы. Тойғанда самал, салқын желі соғып, Сұлудай бұрандайды әр бұтағы. Көкорай, көк шалғына ауыл қонып, Жарасар ақ үйлердің шаңырағы. Осындай табиғат сұлулығына еліткен көңіл-күйін ақынның «Қисмет» өлеңінде де көруге болады. Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда, Тал гүлдеп, өмір шалқып оналғанда. Оранып жердің беті көкорайға, Самалы салқын сан болар жаңға.

Басына бұлбұл қонып сайрағанда — деп, шынайы тартымдылықпен әсер көріністі табиғат суреттерін көз алдымызға әкеледі. Дәуірі мен ортасына, жеке басының көңіл-күйіне байланысты әр ақын өзінің жеке жырлайды. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулер табиғат арқылы қоғамдық өмірді, тартысты, өз көңіл-күйін суреттейді. Халқы үшін табиғат адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Ұлы Абай да, Әсет те табиғат жайлы өлеңдерінде табиғат суреттерін жырлай келе, оны қазақ халқынан бөле жарып жырламай, қазақ тұрмысының табиғатпен біте қайнасып жатқан байланысын «Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда», «Майда қоңыр» өлеңдерінде реалистік шынайылықпен нақтылы бейнелей білген. Ұлы ақын Абай да, шәкірті Әсет те адам мен табиғаттың бірлігі жайлы тақырыбын қазақ өмірімен байланыстырып кең дамытты деуге болады.

Әсет өлеңдерінде үстем тап өкілдерінің зорлық-зомбылығын, қулық-сұмдығын қатты сынағалған. Оларды құзғына тенеңді. Ақын ел ішіндегі бақастық, күншілдік дегендерді де ондырмай мінсиді. «Күншілдікпен күні өткен мас елім-ай», — деп қиналады. Қараңғы қазақ елінің аяншыты халіне қабырғасы қайнасады. Ел ішіндегі орынсыз дау-жанжал, алауыздық, өсек-аяң, кертартпалық қатты ашынады. «Бірілік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ, Тартқызды сазайынды әдет-ғұрпын», — дейді. Ақынның өлеңдерінде ғылымға, білімге шақырған ағартушылық сарын басым. Бұл жағынан алғанда Әсет шығармаларының тақырыбы мен идеясы Абай мектебіндегі ақындармен толық үндесіп жатыр.

Әсет құдай, құран, иман жолын, шариғатты өлменен уағыздаған. Әсеттің дін, Алла жайындағы өлеңдері туралы жазушы С.Мұқанов өз ойын былай сөз етеді: «...Ол да Көкбай мен Әріп сияқты ағыл тұрған діншіл. Адалан айту керек бұл — ақын адам. Бірақ өлеңдерінің жүзден тоқсан тоғызды ахиреттік тақырыпқа арналады», — делі. Әсеттің артында қалған мол мұрасының Кенес өкіметі кезінде зерттелмей келуі де бір себебі, сол кездегі осындай кері түсініктің арқасында еді.

Ұлы Абай да, Әсет те Алла сөзін ауызға ала салмайды. Дінге иланып, дінге құлақ қойып өскен халық сол діннің өзін пайдаланып ақыл айтады. Олар Алла мен пайғамбар сөзін өз ойларына дөйек ете отырып, қалың елі — қазағын, Алланың ақ жолына түсіп, иманды, берекелі ел болуға шақырады.

Абайдың туған халқының болашағына қайғырып, қамығуы Әсетке де қатты әсер еткенін оның шығармаларын оқыған сайын көз жеткізесіз. Абай: Заман ақир жастары, Қосымса ешбір бастары Бір-біріне қастыққа-Қойнына тыққан тастары, — деп жырласа Абайдың бұл ойына Әсет былай деп үн қосады:

Қалып тұр қазағымын туысқандық, Заман ба, пенде азды ма — суысқандық, Кісі өлтіріп, мал талап, әділсіз боп, Бұрыңғыда бар ма екен бұл дұшпандық? («Сарыарқа салқын тауда татті аулы») өлеңінде. Екі ақын да «Заманына қарай аламыз» демекші, кері кеткен заманмен бірге адам пығылында да өзгерген, әділетсіз басып, қайырымсыз байдың пайда болғанын, олардың әрекет-қимылдарын жірікене жырлайды.

Абай: Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ, Алдатырған екеуін, құдайым-ай! — десе, Әсет: Иман қажет болмайды кейбір насқа, Малым аман болсын деп үш-төрт түлік. Қажы бармас, малыңан зекет бермес, Қайырсыз надан байдың бәрі өлік — деп ел басқарған старшын, сұлтан, төре, байларды өлтіре сынаиды. Қонө заманнан қазақы қоғам өзін-өзі басқарып келген. Ел әділ де абыройлы адамдарына бас иіп, айтқан сөзін жан деп қабылдаған. Енді сол билерден ұят, ар-намыс кеткенін Абай: Болыс болдым, мінекі, Бар малымды шығындап. Түйеде ком, атта жал, Қалмады елге тығындап, — деп келе болыс өмірінің күлкілі, ұнамсыз шындығын оның өз аузынан айтқызды.

Әсет: Үш жылды бір келетін сайлау болса, Бар малың мысырға қып төгіп өткен, — деп болы-



стың әкімдікке қол жеткізу жолын, сайлау кезінде атақ, шен үшін бар малың шашқан қылқытарын шенейді. Осы тұста Әсет туындыларының Абай шығармаларындағы әлеуметтік тартыс шындығын реалистікпен бейнелеу әдісімен ағасын жатқанын көреміз. Абайдың қазақ би-болыстарының өзбырлық, қорқаулық қылмыстарына ағыс тілімен шенеп, қоғам денесіндегі дертті сылып алуды меіззеген жазу үлгісі Әсетке де үлгі болған.

Зерттеуші Болатжан Абылкасымов «...Абай поэзиясының бүкіл рухы, шынайы болмысы — лирикасында. Біздіңше, Әсет эпикалық жанрға бейім. Ақын жырғама жықса хисса-дастан шығарған, қазір оның ғылымға жартысынан көбі белгілі болып отыр», — деп жазады өзінің «Әсет шығармаларының зерттелуі» деген мақаласында.

Әсет тілге бай, сөзге еркін, ешбір бөгелмей түйдектеп тастап отыратын шын жүйрік. Ол өзінің айтқан өлеңіне, өзіңше жаңа ырғақ, жаңа жаз тауып отыратын ақын. Оның көпшілік өлеңдерінің аяқ үйлесімі бірдей шығып отырады. Ақынның Омар деген кісіден түлкі сұрап хат жазғандығы өлеңінің бір ауызын келтірейік:

Қолға алса құйылжыған түрі болсын, Күмістей жалтыраған жүні болсын. Аса қара, болмаса қонирала, Ал күрөң үш қызылдың түрі болсын. Келінім Мәдинеге дұғай сөлем Ағаның сұрағаны шыны болсын... — дейді. Әсеттің өлеңінің қай-қайсысын алып қарасанда, қазақтың жатық, көркем тілімен жазылған. Ол араб-парсы тілін көп оқыса да, өлеңінде ешбір шұбарланған сөз жоқ, өлеңінің барлығы да көркем әрі ұғым-нықты.

Әсеттің өлеңдерінде жатпап, нақыл ретінде айтып жүретіндей шумактап көп. Мысалы: Құдайым сауысқанға берсе бақыт, Самурық қызмет етер саясында... Жаман туыс бір масал, Арқалаған құммен тең. Жасқылғын істеген Елекке қуяған сумен тең.

Бұлар дәстүрлі ақындық шеберліктің шеңберіндегі жаттанды сөздер емес, тек Әсеттің өзіне ғана тән тапқырлық, қанағты сөздер деп білу керек. Әсет өз шығармаларына дәстүрлі ақындық шеберліктің көне үлгілері де өте шеберлікпен пайдаланған.

Абай — ұлт ақыны. Оның ақындық мұраты — халқына қызмет ету. Осы тұста Абайдың ең бір артық өзгешелігі — заманның ығынайна жүрмей, өзінің «өзіндік» бетін мықтап ұстап, қайт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

**Абай:** Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Үстараңыз аузына түсті-ау мұрттым.

**Әсет:** Қалдым ба, қайран қазақ қамданбастан, Барыңды қолыңдығы малданбастан?.. — Бұл орайда Әсеттің ой-түйіндері «қалың елі қазағымыз» қамын ойлап шарқ ұрған Абайдың сезім күйлерімен тамырласып жатыр.

Абай өз ұлттың бойындағы заман қайшылықтары тудырған ұнамсыз мінсездерді амай сынаиды, шенейді. Бұл тұрғыда ол ұлт психологиясын терең танышы әрі шебер суреттеуші. Оның қай өлеңін алып оқысаң да, өзімізге таныс мінсездер кездеседі. Қазақтың сол кездегі көрсекызарлық, еріншектік, жалқаулық, кертартпалық сияқты мінсездерін бетің бар, жүзің бар демей өлтіре сынаған. Өз халқының тағдырына тебіреніп, қолына қалам алып, сол заман адамның қыр-сырын, мінсезін «Сабырсыз, арыс әрі ұғым-нықты» өлеңінде былай суреттейді:

**Абай:** Өзін-өзі күндейді, Жәнін жанып мінселейді, Ол арсыздық белгісі, Үстесібай, ойланбай, Қой дегенге тіл алмай, Іс қылмай ма ол кісі?..

Абай осы сарында «Сәулет болса кеуденде», «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Көксейбайға», «Күлембайға», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаның да», «Адамның алды — жоқ, арты — соқпақ», т.б. өлеңдерін айтуға болады.

Әсеттің «Сарыарқа салқын тауда татті сулы» өлеңінде: Пайдасыз дау, өсек пен қулық, сұмдық, Бұл сөздерді келеді жаттағымыз, Үйкі, еріншек, надандық, масқұнемдік, Інжулі су моншаққа саптағымыз, — деп Абайша ел ішінде күншілдік, надандық, еріншектік дегендерді ондырмай сынаған. Осы үндістікті Әсеттің бірталай шығармаларынан кездестіруге болады.

«Абай өзінің бүкіл творчествосымен бүкіл қазақ поэзиясының жана арнада дамуына, онда реалистік әдістің белен алуына айрықша әсер етті. Ал, бұл әсер оның өз творчегіндегі ақындарға тіпті күшті болды. Абайдың Әсет пен Әріпке, Ақылбайға арнап өлеңдер шығаруы оның жас талант иелерін ақын да, азамат та болуға үндеген талабын анық танытады. Ондай өлеңдерінде Абай жеке бастың ашу-ызасын айтаудан аулақ. Ол бұдан әлдеқандай жоғары мүлде, яғни идеялық-творчестволық, ұстаздық мақсұт көздеген. Абайдың шәкірт ақындарына идея, тақырып, сюжет беріп жырлатып отырғандығы жайлы естеліктер мен аңыздарды, әдеби деректерді ақынның өзі өлеңдеріндегі оялар анықтай түседі», — деп жазады А.Нұрқатов «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясында.

Қорыта келгенде, Әсеттің өлеңдерінің мазмұны мен идеясы Абай мектебінің үрдісімен жана-сып жатқандығын көруге болады. Олай болса, ақын шығармаларының жетістігі ұлы ұстазы Абай шеберлігінің көрінісі әрі жалғасы деп тану орынды.

Нұрсұлу САНАҚБЕКҚЫЗЫ, Абай музейінің жетекші ғылыми қызметкері Семей

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

Жалғасы. Басы газетіміздің 2020 жылғы №1 (8165), 4 (8168), 6 (8170) сандарында.



Петр Климентьевич МИЛЛЕР

Петр Климентьевич Миллер 1910 жылы Украинада туы. Ол 1933 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылды. Кавалерист Петр Миллер 1936 жылы мерзімді әскери қызметін аяқтағаннан кейін Балқаш қаласына келіп, алғашқыда мыс қорыту комбинатын салуға қатысты, одан кейін шағылыстырғыш пешінде тнеуші болып істеді.

Балқаш қалалық әскери комиссариаты 1942 жылы оны әскер қатарына шақырады. Майданға аттанып, фашистік басқыншыларға соққы беруге оның да кезегі келді.

1943 жылдың күзін Петр Миллер көпті көрген солдат ретінде қарсы алды. Қиындығы мол майдан өмірінің біржарымы жылында ол жеңілістің өкінішін де, жеңістің шаттығын да көрді. Ол екі рет жараланды. Жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Аға сержант Петр Миллер госпитальдан емделіп шыққаннан соң 167-ші гвардиялық дивизия полктарының біріне барды. 167-ші гвардиялық дивизия соғыса отырып, 1943 жылдың күзінде Днепрге шықты.

Днепрден өтуге бұйрық та алынып, 1943 жылдың 26 қазанындағы түнде аға сержант Миллердің взводты дивизияның басқа да бөлімшелерімен бірге өзеннен өте бастайды. Фашистер Миллер кызмет ететін бөлімше қайықтарын пулемет пен минометтердан борақта оқ жаудырады. Днепрдің оң жағалауына бес қайықтың біреуі ғана жетті, екі адам ғана – Петр Миллер мен жараланған пулеметші Федор Паршин тірі қалды. Батырлар оқоп жасап алып, ұрысқа кірісті. Олар өжет те жедел қимылдап, жаудың екі атыс орнын расчтетарымен бірге жойып жіберді және немістердің назарын алаңдатты, өздерінің батальонын өзеннен өтуін қамтамасыз етті.

Келесі күні гвардиялық полк плацдар-

# ҚАҒАРМАНДАР

мды кеңейтіп, шабуылға шықты. Гитлершілер де қарсы шабуылға шығып отырды. Соғыс алаңында немістің екі танкісі түтіндеп жатты, үшіншісі орнынан қозғала алмай тұрып гвардияшылардың позициясын атқылады. Петр Миллер темір жолдың үйіндісін тасалап, танкке еңбектеп келіп, гранатпен дәл ұрып экипажды құртып, полктың қарсы шабуылға шығуына мүмкіндік берді.

Көп кешікпей немістерге көмек келіп, күштің ара салмағы тең болмады. Гвардияшылар Днепрге қарай шегіне бастады. Петр Миллер келе жатып қираған неміс танкісіне кезікті. Ол ойлап жатпай-ақ машинаға шығып, люкке түсіп, фашистерге өз пулеметтарынан оқ жаудырды.

Бұл танктің жанында сұлаған фашистер аз болған жоқ, бірақ оқ бітіп қалды. Бронды тағалы етіктерімен тепкілеген немістер: «Орыс, бері!» – дейді. Петр Миллер люкті ашықсы келген немістерді пулеметпен екі рет атты. Үшінші патронды өзіне қалдырды, бұл соңғы патрон...

Бір мезгілде орысша «Ура» деген дауыс жаңғырықты. Бұл Днепрден өтіп, шабуылға шыққан көрші дивизия еді. Немістер шегіне бастады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 10 қаңтардағы Жарлығы бойынша Днепрден өтудегі бұл ерлігі үшін Петр Климентьевич Миллерге Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді.

Петр Миллер мұнан кейін Карпатта соғысып, Жеңіс күнін Чехословакияда қарсы алды.

Соғыстан кейін Петр Климентьевич металлург мамандығына оралып, Өскемен қаласындағы Ленин орденді қорғасын-мырыш комбинатында жұмыс істеген.

Олег Николаевич ШЕРБАКОВ

Олег Николаевич Шербаков 1925 жылы Украин КСР-інің Винница облысында село мұғалімінің отбасында туы.

Ұлы Отан соғысы алдында Одесса қаласында тұрып, оқу оқыды. Мектеп оқушысы Олег 1941 жылы Балқаш қаласына эвакуацияланып, М.Горький атындағы мектептің 9-10 кластарын оқыды. Олег жазғы каникул кездерінде Балқаш мыс зауытының байыту цехында слесарь болып істеді. Ол фашистік басқыншыларға қарсы күреске өз үлесін қосқысы келіп, өзін майданға жөнелту жөнінде Балқаш қалалық әскери комиссариатына бірнеше рет өтініш жасады. Бұл мақсаты да орындалды. Олег 10-сыныпта оқып жүргенде 1943 жылы наурызда Армия қатарына шақырылып, Ташкент қаласындағы танк мектебіне жіберіліп, мұнда жаңа құрылып жатқан 152-ші Ленинград танк бригадасы құрамына кіріп, Карель мөйнағанында алғаш рет соғысқа араласты.



Олег Николаевич, әсіресе кеңестік Эстония азат етуде ерекше көзге түсті. «Т-34» танкісінің командирі, кіші лейтенант Шербаков Эстонияда болған бүкіл жорық кезінде өзінің бригадасымен ардайым барлауда болды. Тарту қаласының солтүстігіндегі жаудың бекінісін бұзғаннан кейін Шербаков өзінің танкісімен 1944 жылы 19 қыркүйекте Каривере елді-мекеніндегі пунктке келіп, біздің танкілеріміздің жүруіне кедергі келтірмегені үшін ерекше бағаланды. Мұнан кейін Рейстере қиылысына шыққанда «Фердинандты» талқан етті. Расику станциясы ауданында жаудың қалқанын бұзып, шегіне бастаған жауды баса көктеп басып, советтік Эстонияның астанасы – Таллинге қарай ескіндетте жүрді. Таллиннің шетіндегі жаудың екі орудисін жойып, қалаға бірінші болып кірді. Мұнан соң ол Таллин портына барып, жаудың кеткелі жатқан екі транспортың суға батырды. 1944 жылғы 24 қыркүйектегі Ристи станциясы үшін болған ұрыста жаудың екі қаруын және шпалонды ескеткеп болған паравозды талқандады. Сондай-ақ Олег Хапсалы қаласы мен портына бірінші болып кірді.

Эстониядағы соғыс жорығы кезінде кіші лейтенант Шербаков жаудың «Фердинандты» типті екі өздігін жүретін зеңбірегінің, екі бронотранспортерін, түрлі калибрлі 8 зеңбірек, 150 солдатты мен офицерін жойып, әскер мен жүк тиеген екі транспорты суға батырды және бір өзі 50 солдат пен офицерді тұтқына алды.

Эстония территориясында неміс фашистеріне қарсы ұрыстарда үздік соғыс қимылы үшін, көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін кіші лейтенант Олег Николаевич Шербаковқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурызындағы Жарлығы бойынша Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді.

Олеттің өмірі Жеңіс күніне дейін жетпеді, ол 1945 жылы наурызда Германия жерінде қаза тапты. Батыр аз өмір сүрсе де Отанымыздың жоғары наградасын алып үлгеріп, өзінің есімін мәңгі есте қалдырды.

Оның есімі Кеңестік Эстонияның астанасы – Таллинде мәңгі сақталған. Мұнда батырдың ерлігіне арналған мемориалдық тақта қойылған.

Жәңгір Жанасұлы ЖАНАСОВ

Жәңгір Жанасов 1920 жылы Қарағанды облысының Жезказған ауданында, келдей шаруаның отбасында дүниеге келген. Ол 1938 жылы Қарсақбай орта мектебінде білім алады. Сол жылы Қарағанды қаласына келіп, Қарағанды коммунистік партиясының облыстық комитетінің аппаратында техникалық секретарь болып еңбек жолын бастайды. 1939 жылы комсомол қызметкерлерінің қысқаша курсың бітіргеннен кейін, Жәңгір Жанасов Жезказған ауданына комсомол қызметіне жіберілді, 1940 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылады.

1941 жылға дейін Батыс майданның шекара әскери бөлімдерінде, 1941 жылдың қараша айынан 1945 жылдың наурыз айына дейін Батыс майданда, үшінші Беларусь майданында 2-ші гвардиялық Қызыл Жұлдызды танкке қарсы артиллериялық полктің взвод командирі, зеңбірек командирі болды.

Кеңес Әскерінің қатарынан босаған Жанасов жолдас 1946 жылдан 1947 жылға дейін бастапқыда Қарсақбай темір жолында, одан соң Қарсақбай мыс зауытында партбюро секретары болып қызмет атқарады. 1947 жылы Жезказған аудандық партия комитетінің хатшысы, ал 1949 жылы Жаңарқа аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады.

Жәңгір ақсақал 1951 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы республикалық партия мектебін бітіреді. Балқаш қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Жәңгір Жанасов 1952 жылы Қонырат руда басқармасына басынның орынбасары қызметіне жіберіледі. 1958 жылы Жанасов жолдас еңбекшілер депутаттары Жезказған қалалық Кеңесінің атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Жәңгір Жанасов өзінің бүкіл жігер-қайратын еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, қала мәдениетін көтеруге жұмсайды.

Жанасов Жәңгір 1943 жылы коммунистік партия қатарына қабылданады. Жезказған қалалық партия комитетінің мүшесі және бюро мүшесі болып, қалалық



партия ұйымының жұмысына белсене қатысады.

1965-1973 жылдары Қ.И. Сәтбаев атындағы Жезказған кен-металлургия комбинаты директорының орынбасары, 1973 жылы зейнеткерлікке шыққанша Жезказған облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Жәңгір Жанасов 1989 жылдың тамыз айына дейін Жезказған облысы атқару комитетінің архив бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Осы жылдары Жәңгір ақсақал қаланың және облыстың қоғамдық істерінен де қол үзбейді. Ол 10 жыл 1982-1993 жылдары Жезказған облыстық Кеңесінің соғыс және еңбек ардагерлерінің төрағасы болып еңбек етті. Облыстың, Жезказған-Ұлытау өңірінің экономикасын, халықтың тұрмысы мен мәдениетін көтеруге үлкен үлес қосқан ардагер.

Жәңгір Жанасов Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, бірнеше мәрте еңбекшілер депутаттарының қалалық және облыстық Кеңесінің депутаты болып сайланады. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік еңбегі үшін ол «Отан соғысы», екі мәрте «Қызыл жұлдыз», «Батырлығы үшін», «Москваны қорғағаны үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдардағы адал еңбегі үшін Жанасов «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерін, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалын, Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарын иеленеді.

Жезказған қалалық мәслихатының 1999 жылғы 14 қарашадағы №2/18 шешімімен қаламыздың онтүстік шығысында орналасқан З.Космедьянская көшесіне Ж.Жанасовтың есімі берілген.

Мәліметтер Жезказған қаласы архивінің 322-көп 1-тізімдеме 5, 8-сактау бірліктері, 2-тізімдемені жалғасы 95-сактау бірлігі құжаттарынан алынды

АЛТЫН ОРДА – 750

# ЖОШЫ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өрі төрт ұлына жүктеген әскери тапсырмалардың арасында Жошы бастаған жасақ қашанда жеңіске жетіп, олжалы оралып жүрді. Бұған, бір жағы, Жошының үнемі Жебе мен Сүбедей секілді даңқты қолбасшылармен бірге жүруінің де себебі тигені анық. Кейде тәжірибелі қолбасшылардың кеңестері мен жоспары билік тарапынан мақұлдамай, дәрменсіз қалатын кездер тарихта жетерлік. Дегенмен мұндай жағдай Жошы тарапынан кездеспейді. Соған қарағанда Жошы «менмендікке» бармай, барлығын ақылға салып, қолбасшыларымен кеңесіп шешетін сабыр иесі болғанға ұқсайды.


Шыңғысханның ұлдары әкелерінің көзі тірісіндей-ақ бір-бірімен жиі келіспей қалатын болған. Бұл, әсіресе, Жошы мен Шағатайдың өзара қарым-қатынасынан анық көрінеді. Үгедей бұл жағдайда үнемі Шағатай жағында жүрді. Осы екі топқа бөлінген алауыздық Шыңғысханның немерелері кезінде ашық орын алады. Мысалға, Батуудың ұлы тақ иесі – Күйік хан өлгеннен кейін (1248 ж.) мұрагерлікке талас туындағанда, 1251 жылы Еділ бойына, алдына келген Төленің ұлы Мөңкені қолдап шығады. Осы жолы Бату хан, інісі Берке бастаған қалың қолды (60 мың) арнайы аттандырып, Мөңкені Шыңғысханның тағина отырғызады. Төбелерінен жай түскендей болған Шағатай мен Үгедей ұрпақтары жұмған ауыздарын аша алмай қалады. Бірқатары өлім жазасына кесіледі. Батуудың бұл ісі, былайша айтқанда, моңғол жеріне, оның үстіне Шыңғысханның ордасына Дешті-Қыпшақ (бүгінгі қазақ) даласынан құралған әскердің ат тұяғын тіреуі әрі сес көрсетіп Мөңкені таққа отырғызуы – үлкен саяси қадам.

Бұл – бүгінде Алтын Орданың құрылғанын 1269 жылғы Талас құрылтайынан бастап жүрген тарихшыларымыздың пікірінше жасқақ екенінің бір дәлелі. Яғни Бату хан өз ұлысының іс жүзінде орталық моңғол билігінен тәуелсіз екендігін алғаш рет (1251 ж.) осы ісімнен көрсетеді. Мөңкенің Батуға келуі «Ұлы князь» мансабын алу үшін сарайға келетін орыс князьдерінің қадамдарымен бірдей болды.

Алтын Орда – Жошы ұлысының тарихи жалғастығы. Бұл атау тек кейінірек (1566 ж.) пайда болып, XIX ғасырда тарих ғылымында қалыптасып кеткен. Орыс жылнамаларының өзінде Алтын Орда, негізінен, «Орда» атпен келген. Шығыс жазбаларында Көк Орда, Ұлыс (Токта ұлысы, Өзбек ұлысы және т. б.), Дешті-Қыпшақ болып келе береді.

Жошыға оралатын болсақ, Шыңғысхан 1224 жылы Хорезм жорығынан қайтып келе жатып, Құланбасыда өткен құрылтайда, жаулап алған жерлерін ұлдарына бөліп береді. Осы жиында Жошыға Ертістен бастап батысқа қарайғы (Еділге дейінгі) жерлер бұйырады. Бұл тұста тарихшы Қ.Оскенбайдың «Жошы ұлысының шекарасы оның ұлдарының кезінде ғана толық аяқталды» деген тұжырымы дұрыс.

Жетісу, Шу-Талас және Сырдың орта ағысы Орта Азия жерімен қоса Шағатайға тиесілі болады. Тарихи деректерде Жошының орда тіккен жері ретінде екі жер айтылады, соның бірі – Ертіс бойы, сірә, Шыңғыстау қойнауы болса керек. Ал екінші жер – өзінің кесенесі тұрған Ұлытау даласы. Бұл жөнінде Өтемсіс қажы жазып кеткен. Ұлытау «хан қорығы» болды. Бұл жерде Бату таққа отырған, тек Еуропа жорықтарынан кейін Еділ бойына өзінің ордасын көшіреді. Содан кейін Ұлытау мен Ертіс бойы Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің еншісінде қалады. Бату құрған мемлекет тарих ғылымында Алтын Орда деген атпен белгілі. Араб-парсы жылнамалары бойынша Алтын Орда өз



ішінде Көк және Ақ Орда деген екі бөліктен тұрды. Ақ Орданы Орда Еженнің ұрпақтары биледі әрі Көк Орданың билігіне мойынұсынды.

1582 жылы шибани Абдолла ханның жорығы туралы жылнамада Ұлытау «Саин ханның тағы» деп айтылады. Жазба деректерден «Саин хан» Батуудың лақап аты екені белгілі.

Ортағасырлық жазба деректер мен халық аңыздарында кең тараған жайттың бірі – Шыңғысхан мен Жошының арақатынасы. Шынында да, Хорезм жорығынан оралғаннан кейін еке мен бала арасында түсініксіз жайттар орын ала бастайды. Мұның соңы Жошының жұмбақ өліміне алып келеді. Мысалы, жылнамашы Жувейни «Жошының ойында әкесіне деген қарсылық пайда болды. Тіпті Хорезмшахпен келісімге келіп, әкесін жазым етуді де ойлады. Оның бұл ойын Шағатай біліп қойып, әкесіне жеткізді. Сондықтан Шыңғысхан оны өлтіру үшін арнайы адамдарын жіберуді» деп жазады. Өрине, бұл дерекпен түгелдей келісеуге болмас, оның үстіне Жошының Хорезмшахпен келісімге келуі екіталай еді. Біздің мәнзеіп отырғанымыз – Жувейнидің қалай болса да Жошы ханның өз ажалынан өлмегенін көрсетуі.

Жылнамашы Жувейнидің жазуына, 1223 жылдың қысында Шыңғысхан Самарқандтың төңірегінде болып, Жошы ханға шабарман жібереді. Дешті-Қыпшақтан құландарды қуып келуін және өзін де аң аулауға шақырады. Жошы хан, сірә, келмесе керек, Жувейни бұл туралы үнсіз қалады. Тек Шағатай мен Үгедейдің Қараөлке келіп құс аулап, апта сайын Шыңғысханға аққу артық елу ком түіелерді жіберіп тұрғанын хабарлайды.

Көктем шыққанда, яғни 1224 жылы Шыңғысхан Моңғолияға қайтар алдында жиылыс құрып, ұлдары бас қосады. Бұл құрылтайға Жошы хан келмейді. Жувейни Шыңғыс хан тек Құланбасы бойына келгенде ғана Жошының келіп, 20 000 шымқай сұр

аттарды сыйға тартқанын жазады (кейбір тарихшылар Жошының бұл жиынға да келмегенін алға тартады). Дегенмен Жувейни Жошының өлімі туралы ешқандай дерек келтірмейді. Керісінше, Рашид-ад Диннің «Жылнамалар жинағында» Жошының өлімі нақты баяндалып жазылады.

Рашид-ад Диннің дерегі бойынша, осы кезде Жошы жұрттыңан маңғайт руының бір кісісі Шыңғысханға келеді. Шыңғысхан одан Жошының жағдайын сұрайды. Ол Жошының есен-сау, елінде аң аулап жүргенін жеткізеді. Шын мәнінде, Жошы өзі сырқат болғандықтан, аңға тек үздірлерін жібереді. Маңғайт жолашушысы көпшілікті көріп, Жошының өзі деп, көргенін Шыңғысханға жаспақ жеткізген. Мұны естіген, яғни жалған хабар Шыңғысханның қаһарын туғызады. Әскерге бұйрық беріп, жорыққа дайындала бастайды. Авангард ретінде Шағатай мен Үгедейдің жасағын аттандырады. Соңы ала қалған әскерімен өзі аттанбақшы болып жатқанда, Жошының өлімі туралы хабар жетеді. Міне, ортағасырлық жазба деректері бізге еке мен бала арасындағы осындай жұмбақ жайттарды жеткізеді. Тарихшылардың зерттеуінде Жошының өлген жылына байланысты бірауыздылық жоқ. Олардың пікірінше, 1225-1227 жылдар аралығы көрсетіледі.

Жалпы, аң аулап жүріп өлімге ұшырау оқиғасы тек Жошы ханға байланысты емес. Тарихта мұндай жайттар аз кездеспейді. Көшпелілер өмірінде аңшылықта жүріп, қас адамын немесе саяси бәсекеселесті жазым ету – кенінен қолданылған тәсіл. Сондықтан мұндай сәтті ол уақыттарда ұтымды пайдаланды десек қателеспейміз. Мысалға, Ғұн төңіруге Моде әкесі Түменді анда жүргенде өлтіреді. Оғыз ханның әкесі Қара хан да ұлынан сөзіктеніп, оны анда өлтірмекші болады. Бірақ Оғыз біліп қалып, Қара ханмен ұрыс даласында кездеседі. Соғыс үстінде Қара хан қазаға ұшырайды. «Қорқыт ата кітабында» Дерсе хан қырық

нөкерінің арандатуымен ұлы Бұқашты аң аулап жүріп сәдақпен атып жіғады. Тізе берсек, көшпелілер өмірінде мұндай оқиға жетерлік.

Халық аңыздары да Шыңғысхан мен Жошы арасындағы болған күрделі жайттарды баяндайды. Халыққа кеңінен танымалы – «Ақсақ құлап» күйі. Жошының кесенесі тұрған Ұлытау өңірінде қариялар арасында бертіңге дейін ауызкеі өлең жолдары сақталып келді. Тек бұл өлеңде Шыңғысхан атын Алашахан алмастырған. Мысалы:

«Алашахан Жошыхан,  
Жошыхан неден шошыған.  
Құлан теуіп өлтірген,  
Нанбаймысың осыған» деп келетін өлең жолдары (бұл өлең жолдарын 1997 жылы Ұлытауда экспедиция барысында жинақтап алған болатынбыз).

Құлан теуіп өлтіріп, содан «бір қолы жоқ» немесе «екі саусағы ғана қалыпты» деген аңыз халық арасында кең тараған. Бұл жөнінде Ұлытау ескерткіштерін (1946-1947 ж.) зерттеген археоттарлар Г.Герасимов, М.Левинсон, Т.Басеновтер растайды.

Академик Ә.Марғұлан 1946 жылы Жошы кесенесінде қазба жұмыстарын жүргізгенде мәйіттің (Жошының) бір жақ қолының тұтас жоқ екенін жазған. 1997 жылы Жошы хан кесенесінің іші қайта қазылған болатын (осы мақала авторы да қатысқан. ЖАЭ-97. Жетекшісі – Ж.Смайлов). Қабір ішінен ағаш табытың қалдықтары және түйенің бас сүйегі кездесті. Мәйіттің (Жошының) бас сүйегі орында болмай шықты. Соңынан анықталғандай, бас сүйекті зерттеу мақсатында археолог Ә.Марғұлан алып кетіпті. Бұл бас сүйек археолог Ж.Смайловтың іздеуімен Алматы қаласындағы Орталық музейдің қорынан табылып, 2012 жылы (66 жылдан кейін) қайта орнына қойылды.

Жошы ханның осы кесенесі ішінде жерленуі де тарихшылар арасында даулы мәселе, өйткені Жошы ханды жерлеу рәсімі ел билеушілерін жерлеуде орын алатын далалық дәстүрмен жөнелтілгені анық. Ал бұл кесене – ислам мәнерінде орнатылған және уақыт өте келе тұрғызылған тарихи ескерткіш.

Ұлытауда Жошы ұлысы кезеңінің мазарлары көптеп кездеседі. Олар жеде дара, екеуден, әрі кетесе бесеуден тұрады. Солардың арасында Жошы хан кесенесі өзінің топтала, кенешді түрде орналасуымен ерекшеленеді. Кешен екі тұрғын үйден («Үлкен үй», «Кіші үй»), кірпіш күйдіруге арналған пеш орны және ортағасырлық мазар құрылыстарынан тұрады.

Жошы хан кесенесінің маңында ортағасырлық 24 мазар қирандылары жатыр. Осынышама ескерткіштің топтала орналасуы Жошы кесенесі әулеттік қорымның ұйытқысы екенін дәлелдейді.

Жалпы, Жошы хан және оның ұлысының қазақ тарихында алар орны ерекше. Болшақ қазақ хандығын құрушы билеушілер осы Жошы әулетінен шықты. Керей мен Жәнібек хандар Жошының үлкен ұлы (Ақ Орда билеушісі) Орда Еженнен тарайды.

Шыңғысхан империясы төрт ұлысқа бөлінсе, соның үшеуі (Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары) қазақ жерін қамтыды. Керей мен Жәнібек ұрпақтары осы үш ұлыстың құрамында кеткен ел мен жерді бір тудың астына біріктіріп, қазақ мемлекетінің негізін қалады.

Алашорда көсемі (түп бабасы Жошы хан) Ә.Бөкейхановтың «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген қанағатты сөзінің бір тамыры осы тарихи қойнауында жатыр.

Орынбай ОШАНОВ,  
археолог  
«Астана ақшамы»

## АЗАМАТ КЕЛБЕТІ



# ЖЕТІ БЕЛДЕН АСҚАН ЕР

*...Жизнь священна: это, так сказать, верховная ценность, которой подчинены все прочие ценности.*  
Альберт Эйнштейн.

«Өмір – жиған-терген, нәсіп боп бұйырған барлық қазынамнан да қымбат сый» деген аталы сөзді алтын қазық қылып, тірлігінің негізгі ұстанымы еткен адамның көп ішінде тұлғасы асқа көрініп, жүмленіп алғысына бөленіп жүретіні – аксиома. Алдында кара орамдай құдыреттенің ағалар жүрер, ал солардың арасынан жаңына етене жақын көрінетіні бірен-саран екені де шындық. Сонан соң сол бірен-саран ағаңның саған соншалықты жақын болуының себебін іздейсің. Алыс-берісің жоқ, аралас-қураластығың да айтарлықтай емес, бірақ сол бір жан көңілінің төрінен ойып орын алған. Шынында, осының себебі неде?

Сауалдың сансыз жауаптарын ойша салмақтай келіп: «Ісі адал, жаны таза, ниеті ақ болғаннан соң шығар», – деп, тоқтамағ келесің. Солай да шығар. Шуақты күн, таза бұлақ, аңқылдақ ақ самал кімнің жанын сүйсінтпеген?

Жанымың жайлауына керегесінің басын күміске, уығының ұшын алтыға малған, түндігінен түзу түтін шыққан екі қанат ақ ордасын тіккен ағаларымың бірі – **Көпболсын БЕКМАҒАНБЕТ**. Оны бір топырақтың тұмасы болғандықтан емес, таудай тұлғасына жараса калған даладай көңілі мен тәкаппарлығы жоқ мінезіне бола жаным жақын тұтсам керек.

Көпболсын Әбілқашұлы 1950 жылы 13 ақпанда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы «Сарытерек» елді-мекенінде дүниеге келген. «Ортадересін» сегізжылдық мектебінде оқып, 1966 жылы Балқаш қаласындағы №3 мектеп-интернатын бітірген. Қатарластары сияқты жоғары білім алуды мақсат еткен Беқан Алматыға барып, Қазақ ауылшаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға қабылданады. Бұдан соң Алматы Жоғары милиция мектебін тәмамдап, заңгер мамандығын алып шығады.

1972-1973 жылдары Қарқаралы ауданы «Восток» кеңірінде экономист, 1973-2000 жылдары Ішкі Істер министрлігі органдарында қызметте болды. Сал тарқатып айтсақ, құқық қорғау саласындағы қызметін былайша жіктеп шығуға болады: 1973-1977 жылдары Балқаш қалалық ішкі істер бөлімінде инспектор, аға инспектор, тәрғеуші; 1977-1990 жылдары Тоқырауын (Приозерный) аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, 1990-1997 жылдар арасында Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасында аға инспектор, штаб бастығының орынбасары, қаржы-жоспарлау басқармасы бастығының орынбасары, ақпарат орталығының бастығы, 1997-2000 жылдары Приозерск қаласы жанында №9 Арнайы полиция басқармасының №2 ішкі істер бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Зейнеткер, отставкадағы полиция полковнигі.

Қым-қуыт тіршілік ағысының толқынында жүзіп төселген, еңбекпен шындалған ағамыз зейнеткерлікке шыққандан кейін көп қуырсып жата алмады, әрі білімі мен біліктілігі мол маманның қызметін қажет еткен салалар да болды. Қажыры мен қайратын, іс-тәжірибесін ортақ істің орайлы болуына жұмсауды азаматтық парыз санаған Көбеқан 2000-2002 жылдары «Қазқмыс» корпорациясының ведомстволық күзет басқармасында команда бастығы, 2002-2007 жылдары Жезқазған қаласы әкімі аппаратында әкімнің кеңесшісі, кеңсе менгерушісі, кадр жұмыстары бөлімінің бастығы лауазымдарын атқарған. 2007-2010 жылдары Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасында заңгер, 2010-2016 жылдары республикалық ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің бас маманы, 2016 жылдың шілдесі айынан жауапты хатшы қызметін атқарады. 2019 жылдың маусым айынан осы уақытқа шейін республикалық ардагерлер ұйымы Орталық кеңесі төрағаның орынбасары болып жұмыс істеп келеді. Алаға шүкір, алған асуы, шыққан биігі, қол жеткізген табыстары ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Көпболсын аға – «Ерен еңбегі үшін» медалінің, бірнеше мерекелік медальдардың, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің «Құрметті ардагер» төсбелгісінің, КСРО Ішкі Істер министрлігінің және БЛКЖО Орталық Комитетінің төсбелгілерінің және бірталай Құрмет грамоталарының иегері. Есімі Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының «Құрмет кітабына» жазылған.

Кез келген адамды биіктетіп тұратын бір өлшем болады ғой: ол – азаматтық жан дүниесі, адами мінез-құлқы, ұстанымы болса керек. Бір сәт ішкі істер қызметінің қилы-қилы жолдарының өткен, қоғам және құқық, тәртіп пен тыныштық күзетінің соқтықпалы-соқпақсыз сүрлеулерінен өткен әріптестеріне сөз беріп көрейікіші. Олар Көбеқан жайлы қандай пікірде екен?

**Мұрат Қазанбаев, полиция полковнигі, Ішкі Істер саласының ардагері, Ұлытау-Жезқазған аймағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:**

– Кезінде әскери мекемелерінде жеке құрамды саяси жағынан тәрбиелеу жүйесі болған. Көбеқан – сол жүйенің талабына сай жастарды тәрбиелеу жұмысында өзінің өшпестей ізін қалдырған аптал азамат. Әр саланың өзінің іскер азаматтары болады. Қылмыскерлерді іздеу жұмысының майталмандары Белғұжанов Еркін Рысканұлы, Сатан Қарашолақұлы, Орақов Қуатбек Өтемураұлы болса, жас мамандарды тәрбиелеудің майталманының бірі осы Көпболсын Әбілқашұлы болды десем, жаңылыспаймын. Ақын жанды Көбеқан әр адамның ішкі дүниесін тап басып, түсініп тұратын.

Көпболсын – жасынан көп оқыған, оқығанын тоқып, қоржынына сала білген, білгендерімен бөлісе жүретін

жігіттің жайсаңы. Негізі ақын жанды азаматтың ішкі дүниесі бай, көңіл көкжиегі кең болады ғой. Көпболсын – әр саладан хабары мол, «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт. Достарының, әріптестерінің арасында оның ой өресі де бөлек көрінеді. Өзілі де сыпайы. Талай азаматтарға өзінің құттықтауын, ішкі дүниесін өлең жолдарымен жеткізетін.

Спорт десе жанып түседі. Шахмат дейсің бе, биллиард дейсің бе, волейбол дейсің бе, бәрінен де хабары бар, шебер ойыншы. Мен өз басым Көбеқаннен көп нәрсе үйрендім.

**Қанағат Смағұлов, полиция полковнигі, Ішкі Істер саласының ардагері:**

– Көпболсын Әбілқашұлының өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап білемін. Ол кезде Балқаш қаласында, Приозерный ауданында қызмет етіп жүрген болатын. Кейін сол кездегі облыс орталығы Жезқазған қаласына қызмет бабымен ауысып келді. Содан бастап бір салада бірге қызмет атқардық. Кейін қызмет бабындағы жақындығымыз көршілік сыйластыққа ұласты. Көпқабатты үйдің бір подъезінде мен, бір подъезінде Көбеқан тұрды. Жетіміздің тәтті шайын ішіп, дәмді асын жеп, біте-қайнасып кеттік.

Көбеқан дос-жаранға адал, адамсүйгіштік қасиеті керемет, үлкен-кішіні бөле-жармайтын, тең ұстайтын, қызметіне адал, қызметтеріне сыйлы болды. Өзі де сол мінезінен айныған емес. Оның біреуге зекіп, дауы көтеріп, ұрысып жатқанын көрмеппін. Шені кіші қызметкерлерді төменсіту, жәбірлеу – Көбеқане жат қылықтар. Ол осы мінезімен айналсын «жауалай»

білді.

Бір оқиғаны айта кетейін. 1995 жылы Мемлекеттік тергеу комитеті құрылып, облыстық Ішкі Істер басқармасы екіге бөлінді. Бір күні облыстық Ішкі Істер басқармасының бастығы, генерал Жаманбаев шақырып алып: «Әзгерісті көріп жатырсың. «Ақпарат орталығына» кімді ұсынсаңбы?» деді. Мен ойланбастан: «Көпболсын Бекмағанбетовті ұсынамын. Бұл жауапты қызмет сол кісінің қолынан келеді», – дедім.

Генерал ұсынсымыды қабыл алып, Көпболсын ағамызды «Ақпарат орталығының» меңгерушісі қызметіне тағайындады. Білімі кемел, біліктілігі мықты, тәжірибесі мол Көбеқан шаруаны шыр көбелек айналдырып әкетті. Осы қызметте жүріп полиция полковнигі шенін алды. Қызметінде абыройға бөленіп, көптің ағасына айналды.

**Айып Байқасынов, қаржы саласының ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:**

– Көбеқан екеуіміз мамандық жағынан әріптеспіз. Бірақ ол кісі екінің жоғары оқу орнын бітіріп, заңгер мамандығын алды да қызметінің басым бөлігі ішкі істер саласында өтті. Кейін зейнеткерлікке шыққан соң бес жылдай Жезқазған қаласы әкімшілігінде істедік. Мен экономика, қаржы саласында бөлім бастығы, ал Көбеқан әкімнің кеңесшісі, кеңсе менгерушісі, кадр жұмыстары бөлімінің бастығы болды. Көбеқанің іске мығым, ұқыпты, талапшылдығы оның сырт бейнесінен-ақ байқалып тұратын. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі де көп жайтты аңғартатындай еді. Келбеті қандай келісті болса, ішкі әлемі де сондай сырлы, сұлу. Әкімшілікте болған бес жылдың ішінде ол уақыт тынысын сезе алатын, күрмеулі мәселелерді шеше білетін маман ретінде көрсетіп, қаланы басқару ісінің бір буынында өз қолтанбасын қалдыра білді. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында. Республикалық деңгейдегі Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары. Білуімше, мұндай қызметке төселген, іс тетігін білетін, ортаның тілін таба білетін жан ғана сайланады. Көбеқан – осындай жауапты жұмысқа лайық азамат.

Міне, экономист, заңгер, ішкі істер саласының ардагері, полиция полковнигі Көпболсын Әбілқашұлының білетін азаматтардың азды-көпті пікірі осындай.

Иә, ағамыздың 60 жасқа толған тойында белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, тіл жанашыры Оразқұл Асанғазы: «Өзім таңыпай тұрып маған милицияда осындай адам бар десе, сенбес едім. Көбеқан тұнып тұрған қазына ғой. Сырлы поэзия, нақышты тіл, кестелі сөз... Қай жағынан келсең де тең түсіп тұр екен», – деп мерейтой иесінің мерейін көтеріп тастағаны белгілі. Бұл – асырып айтқан, әсірелеп айтқан сөз емес, шындығы солай еді.

Батырлығы жоқ менің, бақсылығым, Байқамадым пейілдің тапшылығын. Ойға түйген жасымнан бір қағидам - Айту парыз жақсының жақсылығын.

Бұл – ақын Көпболсын Бекмағанбеттің өлең тілінде айтылған өмірлік ұстанымы. «Жақсының жақсылығын айту».

Көкжиекке болашақ көз тігем, Көкейімде – асқақ арман тек кілен. Жақсы атым да, мақсатым да алдағы, Туған тілдің мәртебесі деп білем.

Ал, бұл – руханият жанашыры, туған тіл үшін болған «мылтықсыз майданның» бел ортасында жүре білген, «ана тілім – арым» деп санаған қайраткер ағамыз Көпболсын Бекмағанбеттің жан әлемінен шыққан асқан үн.

Көбеқан жез Отаны Жезқазғанда он жеті жыл ғұмыр кешіп, тер төгіп қызмет етіпті. Еңбек жолының жарқын беттері де осы Жезқалада жазылыты. Тамыр жіберіп, топырағына бекіп, ауасымен тыныстап, суына мейір қандыған Жезқазғанынан Көбеқан қимай-қимай қоныс аударды Астанаға (қазіргі Нұр-Сұлтанға). Бауыр басқан жерден көшу оңай болып па? Көңіл көзінде іркілген сезім тамшысы өлең боп ақ қағаз бетіне түсті.

Елің асыл, Жезқазған, жерің дарқан, Күнің ыстық шілде, желің тарпаң. Киелісің мен үшін қай кезде де, Кең жайлауым, тарықсам шерім тарқап.

Он жеті жыл Кенгірдің суы ғыштік, Небір жайсаң жандармен ұғыныстық. Берекелі, бақытты өмір кешкен, Жезқазғаным, әр тасың бүгін ыстық.

Бірге оқыған курстасы, кейін тағдыр жолын түйістіріп, жар еткен өмірлік сынары марқұм Бақытты Ғұбайдаллақыты екеуі үш бала тәрбиелеп өсіріп, үшеуінен сегіз немере сүйді. Өкініштісі – жан жарының жарық дүниеден өткендігі ғана. Ашысы мен тұщысы қатар жүретін өмір занын өзгерте қуш болса қонса?

Иә, Көпболсын аға жеті белден асты. Жетпістің биігіне толағай табыстарымен жетті. «Өсер елдің баласы...», «Отты жылдар әзілдері мен аңыздары», «Отты жыр, орамды әзіл» және «Бата дарып, бақ қонсын» кітаптарының авторы Көпболсын Бекмағанбет қызмет жүгін де көтеріп келеді, қолынан қаламын да түсірген жоқ. Жасай бер, жаза бер, аға!

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жезқазған қаласы**

## ЗЕРДЕ

# МЕНІҢ АТАМ

(эссе-толғаным)

Жасы егде тартқан қарасақал-ақсақалдар әңгімешіл болушы еді. Атамның дәл сондай қасиетін көре алмай әлекпін. Етек-жеңін жинап, есі кірген күннен бастап еңбекке араласқан атамның артық-ауыз әңгімесі жоқ. Онысы бозала таннан кара кешке дейін шаруаның шылауында жүргеннен, әлде сүйекке сиңді мінезден бе – белгісіз. Ол маған осынау қым-қиғаш, оңы мен терісі білінбейтін дүниеде бір-ақ рет әңгіме айтты. Оның өзі жолаушылап келе жатқан көлік орта жолда бұзылып қалғаннан кейін, амалының жоқтығынан барар жерге салптап жаяу жүретін болған соң жол қысқартқандағы түрі. Есімде қалғаны мынау:

– Сарлықты білуші ме ең?  
– Қазіргі Амангелді совхозын айтып отырсыз ғой.  
– Сол Сарлықтың түгін тартсаң майы шығатын ұлтарақтай алқабы, тылсым табиғаты, нәрі мен құнары, балы мен жұпары – менің балалығым.

Әңгімесін аз-маз үзді де, жерге бүгіліп бір уыс топырақты қолына алып тәу етті.

– Атыңнан айналайын туған жер, кіндік кескен атажұрт, туған топырақ, сенде тұдым, сенде өлсем арманым жоқ, – осынау кең алқап, жазиралы өлке арғы ата, бергі бауырға дейін бесік боп тербетті. Дүниені қанша кезсең де, алтын-жақутты қойнына толтырып әкелсең де, өзен-көлді жағалай жүгіріп, шәрбат таттым десен де, айналып келгенде атбасын тірейтін жерің туған жер екен ғой!

– Иә! – деймін атамды қоштап.  
– Біздің шалдар айтып отыратын, шамамен қырықыншы жылдар болса керек... Соғыстың шарпыған жалыны енді-енді басыла бастаған уақыт. Аласапыран кезең, айқыш-үйкеш тірілік кешкен қауым. Шешеміз таңертеннен кешке дейін өкіметтің жұмысына жетіліп, үйдің қарасын көрмей кетеді екен. Сонда жан бағып отырған бір шаңыраққа бір қадақ ұннан үлестіреді. Үй мен екі ортада шапқылап жүрген шешеміздің дәм-тұзы таусылып, дүниеден өткенде туыс-туғанның арулап жерлеп, ата-дәстүрмен жөнелтуге қолдың қысқалығы мен қоғамның ызғары ырық бермейті. Түс-тұстан жөңкіліп, аждаһадай аузын ашқан ит-тірлік мойын бұрғызбай кеткен дейді білетіндер.

– Сонда көмүсіз қалған ба? – деймін әңгімесін ыждаһатпен тыңдап келе жатқан мен.

– Қой, қайдағыны айтпа. Бұл дүниеде көмүсіз қалудан артық қорлық бар ма? Алыс-жақын жамағайыны ара түсіп жүріп, Жәкі деген жездеміз түнделетіп жерлепті. Кейін құдай бұйыртып, басын көтердік шешеміздің. Естуің бар шығар? Үрім-бұтағы аймаққа жайылған Мырзамсейіт деген болыс өткен. Сол Мырзамсейіт ақсақалдың шоқысы – Сарлық ауылының солтүстігінде. Арғы бабалары – Жылкелді. Мырзамсейіттің қызыл үйі – Сарлық өзенінің ық бетінде. Бағаналының Жылкелді руына жататын Мырзамсейіт ақылды, тауып сойлейтін шешен адам болған екен. Қатарлары «Мырзеке, мына денене осыншама ақыл-парасат қалай сыйып тұрады» деп әзілдейтін көрінеді. Ол кісі бұрынғы байлардың дәстүрімен күйдірген кірпіштен қызыл үй салдырған. Сол үйдің бұл күнде орны қалса да, сол жер Мырзамсейіттің қызыл үйі аталып келеді. Шешеміздің басын көтерген манай сол Қызыл үйдің тұсы.

Атам әңгіменің тиесін ағытып келе жатыр. Бағыма орай шұбатылған жол да таусылтатын түрі жоқ. Ойбай-оу, тоба! Адам осыншалық білген-түйгенін ішіне қалай сақтап жүре береді екен, ә?! Бірді айттып, бірге көшіп, ұзынсонар әңгіменің аяғына да жеткен сыйайсы. Өзім бір аталы сөзді әуелден күтіп жүргені ұғымтал, зерек баладай бір-ақ сәтте көпшім, жонын күдейткен бөрідей болдым.

Алпыс төрт жыл отасқан байбөшек, көпті көрген, көшелі кісі. Құдай бір жақсыға бір жақсыны тең қылады екен-ау. Әуелдегі азан шақырлған аты – Далапар. Кейіннен жемінің нағашы әжесі отбасы, ошақ қасының берекесі болды, бала-шағамның қызығы құсы, төңірегім сәулетті тараттып ден Сәуле атап келтіпті. Үйге жетер жолда атам тағы бір әңгімені бастады:

– Бала кезде шал-кемпірдің қолына су құйғанда бір гана бата беруші еді. Менің жадымда сақтаулы – «Молда бол, балам!» деген ықылас сөз. Молдалық – мұғалімдік. Сол жарықтық шалдардың батасы қабыл болды ма, әйтеуір мұғалімдік кәсіп әжен екеуміздің маңдайымызға бұйырды. Молда болмадық, алайда молданың алдына бәрі барады ғой...

Осы ұзынды-қысқалы жолдан кейін атам әңгіме айтқан жоқ...

\*\*\*

Атам айтқан әңгіменің бір өтірігі жоқ. Қоспасыз, жүректен ағытылған ақ жарма әңгіме. Бұрынырақта дәл бұлай ашылып сөйлеп, көптің алдында көсемсіген емес. О, дүние-ай! Қызығы мен қыжылы аралас мына ғұмырды кім сүрмеді? Сүрлеу салып, соңына із тастап кеткен пенде атаулы қаншама? Аяғымен үйкелеп өшірсен де, естіктің басыммен тепкілесен де кетпейтін соқпақ болушы еді ғой.

Атам екеуміз аз ғана жол жүрдік. Ауылға жеткен уақытқа дейін айтылған ағыл-тегіл әңгіменің арнасынан қанып іштім. Жанына ілесіп жүрген менен басқаға ашылып сөйлеген жоқ. Мен оны анық білемін. Бағының шалдары кім-көрінгенге емес, түбінде адам болатын балаға әңгіме айтушы еді ғой. Сіз де біліп айтқансыз-ау.

Шәйкүл әжеміз жатқан Қызыл үйі түбіне жамбасыңыз тиді. Қайталап айта беретін туған жер, туған топырақ бұйырды. Арманыңыз жоқ шығар, ақ атам?!

Дәуір ҚОЙШЫҒАРАҰЛЫ

## КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӨНІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

**Қазақстан Республикасына әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 бұйрығымен бекітілген.**

Осы әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар (бұдан әрі – Фитосанитариялық талаптар) «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 7-бабының 1-тармағына 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдік карантинін қамтамасыз ету мақсатында карантинге жатқызылған өнімге (дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу, отырғызу немесе тұқымдық материалдарға, азық-түліктік және (немесе) техникалық мақсаттарға арналған жемістерге, көкөністерге және картопқа, тірі түлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділеріне, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін кенелерге, жұмырқұрттарға және тірі жәндіктерге, ағаш, бұлың-түйеу және бекітпе материалдарына), оның ішінде оның орамасына, залалсыздандыруға және тасымалдауға қойылатын талаптарды айқындайды.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесінде көрсетілген карантиндік объектілер болмауы керек.

Карантинге жатқызылған өнім карантиндік фитосанитариялық талаптарға және Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Әкелінетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жабық немесе изотермиялық, ақаусыз және пломбаланған контейнерлермен, герметикалық орамдармен, вагондармен, аутофургондармен, авторефрижераторлармен және басқа да көлік құралдарымен тасымалданады.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салынатын жағдайлар: экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификаттарысыз фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді; Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, карантинді объект ілер мен бөтен текті түрлерді жұқтарған карантинге жатқызылған өнімді; карантинді объектілердің таралу ошақтары бар аймақтардан, орындардан және (немесе) өндіріс учаскелерінен топырақты, тамыр жайған тірі өсімдіктерді топырағымен қоса; уәкілетті органмен келісім бойынша ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін әкелінетін үлгілерді қоспағанда, өсімдік ауруларын қоздырушыларды – тірі саңырауқұлақ өскіндерін, бактерияларды, вирустарды, сондай-ақ, өсімдіктерді бүлдіретін жәндіктерді, кенелерді, нематодтарды, карантиндік арамшөптер тұқымдарын; уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізілген карантинге жатқызылған өнім.

Карантинге жатқызылған өнімді әкелуге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелері фитосанитариялық немесе карантиндік сертификаттарды рәсімдейді: 1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптары сақталған, импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес фитосанитариялық сертификат; 2) Қазақстан Республикасының ішінде – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптары сақталған, фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімге арналған карантиндік сертификат.



Менің атам

(эссе-толғаным)

Жасы егде тартқан қарасақал-ақсақалдар әңгімешіл болушы еді.

Атамның дәл сондай қасиетін көре алмай әлекпін.

Етек-жеңін жинап, есі кірген күннен бастап еңбекке араласқан атамның артық-ауыз әңгімесі жоқ.

Онысы бозала таннан кара кешке дейін шаруаның шылауында жүргеннен, әлде сүйекке сиңді мінезден бе – белгісіз.

Ол маған осынау қым-қиғаш, оңы мен терісі білінбейтін дүниеде бір-ақ рет әңгіме айтты.

Оның өзі жолаушылап келе жатқан көлік орта жолда бұзылып қалғаннан кейін, амалының жоқтығынан барар жерге салптап жаяу жүретін болған соң жол қысқартқандағы түрі.

Есімде қалғаны мынау:

– Сарлықты білуші ме ең?

– Қазіргі Амангелді совхозын айтып отырсыз ғой.

– Сол Сарлықтың түгін тартсаң майы шығатын ұлтарақтай алқабы, тылсым табиғаты, нәрі мен құнары, балы мен жұпары – менің балалығым.

Әңгімесін аз-маз үзді де, жерге бүгіліп бір уыс топырақты қолына алып тәу етті.

– Атыңнан айналайын туған жер, кіндік кескен атажұрт, туған топырақ, сенде тұдым, сенде өлсем арманым жоқ, – о

06:05 «Құрбылар». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр».

01:25 «Мектеп». АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ».

«Экстрасенсы детективы». 17:00 «Семейный бизнес». 18:00 «Пекарь и красавица».



НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

Table with 7 columns: Day, Time, and Prayer Name. It lists the prayer schedule for the month of Navruz in Jekzagan time zone.

ХАБАР 06:00 «7 күн». 07:00 «Тобот». 07:30 «Қызқат тасы».

КТК 07:05 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08:00 «КАРТА МЕЧТІ».

31 06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Бауржан шоу 09:00 «Әзілдер жинағы».

ДИДАР 08:00 «Гороскоп». 08:05 «Таңғы шоу». 11:05 Мультфильм.

06:05 «Құрбылар». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

23:40 «ҚТО ТЫ?». 01:20 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ».

«Экстрасенсы детективы». 17:00 «Семейный бизнес».

ХАБАР 06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Тобот».

КТК 07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

31 06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ана-детектив».

ДИДАР 08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу».

06:05 «Құрбылар». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

НЕФИСЕ». 02.10 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ».

красавица». 19:00 «Пекарь и красавица».

ХАБАР 06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Тобот».

КТК 07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

31 06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ана-детектив».

ДИДАР 08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу».

06:05 «Лето: Марвел». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ». 03.15-04.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

детективы». 17:00 «Семейный бизнес».

ХАБАР 06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Тобот».

КТК 07:05 «КТК ҚОРЖЫНЫНАН». 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

31 06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ана-детектив».

ДИДАР 08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу».

06:05 «Лето: Марвел». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ». 03.15-04.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

детективы». 17:00 «Семейный бизнес».

06:05 «Лето: Марвел». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ». 03.15-04.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

детективы». 17:00 «Семейный бизнес».

06:05 «Лето: Марвел». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TANSHOLPAN».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер».

«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ». 03.15-04.00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

детективы». 17:00 «Семейный бизнес».

06:05 «Қузық екеп...» 07:00 AQPARAT. 07:30 «Көктем шақырады!».

«Әлемдік әлемі». 01:00 «Тарих. Тағдыр. Тулағ».

АНАҒА». 21:00 «БОЛЬШЕЕ НОВОСТИ».

Егінта». 23:00 «Қызық театр».

ХАБАР 06:00 «Тамаша». 07:35 «Жарай ма?».

КТК 07:05 «ҮЛКЕН ҮЙ». 07:35 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

31 06:00 Эзіл студио. 07:00 Ризамын. 08:00 Бауржан шоу 09:00 «Готовим с Адель».

ДИДАР 08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Ән шашу».

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ 06:05 «Қузық екеп...» 07:00 «Асыл ана».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 07:10 «Алдараспан». 09:20 «Маша и медведь».

06:00 «Қыздар арасында». 06:50 «Курдақ».

23:30 «Зағадый желіне».

ХАБАР 06:00 «Тамаша». 07:00 «Әлемнің жарығы».

КТК 07:05 «ЖАН АНА». 07:30 «ЮРМАЛА».

31 06:00 Эзіл студио. 07:30 Ризамын. 08:30 Бауржан шоу 10:00 «Готовим с Адель».

ДИДАР 08:00 «Гороскоп». 08:05 «Апталық шоу».

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ 06:05 «Қузық екеп...» 07:00 «Асыл ана».

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл». 07:10 «Алдараспан». 09:20 «Маша и медведь».

06:00 «Қыздар арасында». 06:50 «Курдақ».

23:30 «Зағадый желіне».

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектүлі серіктестігі.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 басып табақ. Тапсырыс № 301. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Галия ӘБДІГАППАРОВА.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Гүлжанат Нұрланқызы!

Сізді 30 жас туған күніңізбен құттықтаймыз! Шын жүректен әлемнің бар жақсысы мен асылы, қуанышы мен бақытын тілейміз! Іс табысты, денсаулық мықты болсын! Отбасыңыз, туған-туыс, дос-жаран, ұжым ортасында сыйлы болып, абыройыңыз арта берсін!



Ізгі тілекпен, Музей ұжымы.

КӨНЕ ДӘУІРГЕ САЯХАТ

Қала тұрғындарына ертегілер елі мен қиял-ғажайыптар әлеміне тап болғандай әсер қалдырған республикалық музейлер шеруі аясында өткен «Көне дәуірге саяхат» атты музей түні биыл да өзіндік қызықты шараларымен есте қалды.

«Жанданған тарих іздері», «Шеберлік сабақтары», «Интерактивті алаңдар», «Музыкалық нөмірлер», «Фотозона (тантамареска)», «Эбру, махенди, аквагримм», «Жұлдызды гидтер» атты жеті бөлімнен тұрған музей түніне жиналғандардың қарасының тым көптігі көңіл қуантты. Музей түніне жиналған қауым ежелгі грек патшайымы образындағы музей мұзасымен бірге алғашқы қауымдық құрылысқа, динозаврлар заманына, тас пен қола дәуіріне және көне түркі кезеңіне саяхат жасады. Музейдің кіреберісінде орналасқан эбру мен аквагримм шеберлерінің шығармашылықтары әсіресе кішкентай қонақтардың назарын бірден аударды.

Мен – Жезқазған қалалық өнер үйінің тәрбиеленушісімін. Эбрумен жаз айынан бастап айналысып жүрмін. Эбру өнерінің басқа живопись жанрларынан ерекшелігі онда сурет сұға салынады. Қылқалам көмегімен сұға өзіңіз қалаған суретті салып, кейін оны қағаз бетіне бастырып алуға болады. – деген жас суретші Маржан Есенова музей түніне шақырту алғанына шексіз қуанышты екендігін білдірді. Көпөнер шебері Жұлдыз Әжібекованың да ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдары жиналап жұртшылықты таң қалдырмай қоймады.



Қазіргі таңда ұлттық колөнер бұйымдарына, әсіресе, әшекей бұйымдарына деген қызығушылық артып отыр. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіріліп, заманауи қалыпқа енген біздің бұйымдарды арнайы тапсырыспен жасатушылар өте көп. Мәнінің негізгі жұмысы – кассир. Осындай ұлттық әшекейлерді жасауды енемнен үйрендім. Декреттік демалыс кезінде жайлап металдардан, киізден, маталардан әртүрлі күнделікті тұрмысқа қажетті дүниелерді жасай бастадым. Міне биыл бесінші жыл – осы істі меңгергеніме. Енем бұл істің нағыз шебері. Әрдайым колөнер көрмелеріне, «Көкмайса» сынды жәрмеңке сайыстарына қатысып жүреді. Ұлттық өнер ешқашан өшпейді деп ойлаймын. Мен де өз балаларыма білгенім мен көргенімді барынша үйретуге тырысып келемін, – дейді ол.

Музей түні қонақтарына жетіс жылдан бері алғаш рет үрленген көрік те ерекше әсер қалдырды. Музей экспонаттары көрмесінің төрінен орын алған әйгілі Алтын адам-

ның көшірмесін жасаған дизайнер, музейдің ғылыми қызметкері Кешубай Байділдіннің нағашы атасынан қалған көріктің 150 жылдық тарихы кім-кімді де тамсандырмай қоймады.

Шараның «Жұлдызды гид» деп аталатын бөлімінде С.Кожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалы-драма театрының актері Мәди Сәденов, Т.Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншісі Асхат Сағындықов, грек-рим күресінен спорт шебері Аян Шахмұрат, бокстан 2013 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Асыл Асқарова музейдің екінші қабатында көрермен қауымымен жүздесіп, еркін сұхбат алаңын құрды, музей ішіне экскурсия жүргізді.

Төрт сағатқа созылған ғажайып хикаяларға толы музей түні білікті басшы Раушан Қапарованың шараға белсене атсалысқан қатысушыларға Алғыс хаттар табыстауымен соңына жетті.

Ай СҮГІР

АЛТЫН ОРДА ТОЙЫ

айшықты іс-шаралармен есте қалмақ



Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы Жезқазған тарихи-археологиялық музейіндегі «Тарих тұнған Алтын Орда» тақырыбындағы дөңгелек үстелге арқау болды.

Жезқазған-Ұлытау аймағында Алтын Орда кезеңінен қалған тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер жайы кезінен сөз болған іс-шара биылғы жылғы 750 жылдық мерейтойды өткізу жоспарларымен толығырақ таныстырған бейнежазбамен ашылды. Одан әрі «Алтын Орда тарихына қысқаша шолу» және «Аймақтағы тарихи-археологиялық ескерткіштер және Ш.Уәлиханов зерттеулері» тақырыптарында жалғасын тапты. Жиын барысында алғашқы сөз «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің басшысы, өлкетанушы Бақтияр Қожахметовке берілді.

Алтын Ордаға қатысты тарихи ескерткіштердің көпшілігі Ұлытау аймағында орналасқан. Осынау

кезең туралы алғаш сөз еткенде, алдымен, есімізге Жошы хан кесенесі келеді. Бірақ, ол жалғыз ескерткіш емес. Кесененің қасында Алтын Орда дәуірінен қалған 24 ескерткіш бар. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен тарих беттерінде алтын әріптермен жазылған Алтын Орданың 750 жылдығы мемлекет көлемінде атап өтілмек.

Бұл дегеніміз – қос-қосынан ақ қанат киіз үйлер тігіп, ас беріп, бөйге ұйымдастыру емес. Мерейтой аясында Жезқазған мен Ұлытау аралығындағы жол қатынасы реттелмек. Жанадан қонақүйлер салыну жоспарлануда. Бастысы – барлық Алтын Орда мәдениетіне жататын архитектуралық ескерткіштерге реставрация жұмыстары жүргізілетін болады, – деген

сүйінші хабарларын жеткізді ол.

Сонымен қатар, дөңгелек үстелге қатысқан М.Төреғелдин атындағы Жезді тау-кен және балкыту ісі тарихы музейінің басшысы Зейінін Қазанбаева, тарих ғылымдарының кандидаты, Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің профессоры Тұрғанбек Алланиязов, тарихшы, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің аға оқытушысы Надежда Дискенова, Сәтбаев қаласы №25 ЖОББМ тарих пәнінің мұғалімі, «Британец Карсақбай» еңбегінің авторы Мұхтар Сейтжанов, Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві басшысының орынбасары Бақытбек Төрежанов, Қ.И.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейдің бас маманы Арман Бермағамбетов және «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің, М.Төреғелдин атындағы Жезді тау-кен және балкыту ісі тарихы музейінің аға ғылыми қызметкері Айдар Ысқаков пікірлерімен бөлісті.

Жиын қонақтары Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапароваға Ұлытау өңіріне мамыр айынан бастап туристердің алдығы легі келе бастайтындығын айтып, соған орай музей қызметкерлері арасынан білікті гид мамандар, яғни, экскурсоводтарды, Алтын Орда тарихын жетік білетін тарихшы-өлкетанушы ғалымдарды даярлау керектігін, оған музей ұжымы да қолдау тағыты деген ұсыныстарын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БАЛАҚАЙЛАР – БІКТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйекте жарық көрген «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» деп нақты атап өткен еді. Кәсіби бағдарлылықты алға қойып, қаламыздың кішкентай тұрғындарына ерте жастан робототехниканың тілін үйретіп жүрген білім ордалары мен білікті ұстаздар біздің қаламызда да баршылық. Солардың бірі – Алексей Ли жетекшілік ететін «Сатурн» академиясы.



Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БӨРЕКЕЛДІ!

ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР

Жезқазғанда «Art Time» атты балалар, жасөспірімдер және жастар шығармашылығының фестиваль-конкурсы өтті.

Халықаралық деңгейдегі фестиваль-конкурсқа №12 «Салтанат» бөбекжайының бүлдіршіндері қатысып, «Хореография», «Вокал», «Көркем сөз» номинациялары бойынша өнер көрсетті. 3-4 жастағы кішкентай бүлдіршін қыздарымыз «Көңілді тышқандар» биімен көрермендерді сүйсіндіріп, үлкен ақыласқа бөленді. 4-5 жастағы сері ұлдарымыз «Қансонар» биін биледі. Бұл би аңшының сюжетіне құрылды. Басынан бастап толықтай аң аулау оқиғасын сипаттады. Аңшы жігіттер оң қолына қыран бүркітін, сол қолына қамшысын ұстап қасқырға шапты. Аңшы қасқырмен айкасып, ақырында қасқырды жеңді. Сері жігіттеріміздің «Қансонар» биі бұрынғы ұмытылып бара жатқан аң аулау дәстүрін еске түсіріп, келешек ұрпаққа аңа ыңғу сәтін дәріптеді.

«Вокал» номинациясында «Балдырғандар» әнін шыраққан балдырғандар биімен де әрлендіруді де ұмытпады. «Көркем сөз» номинациясында тәрбиеленушілеріміз Еркеназ Құрақбай ұлы Абай атамның «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңін, Мағжан Фермебай М.Мақатаевтың «Елім барда» өлеңін, Темірлан Бейсен М.Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін мөнерлеп оқыды. Кішкентай бүлдіршіндеріміз үлкен ақындардың өлеңдерін жоғары дәрежеде орындап, көрермендерге жақсы көңіл-күй сыйлады.

Кішкентай бүлдіршіндеріміз үкілеген үмітімізді ақтап, бөбекжайымыздың мәртебесін асқақтатып екі бас жүлде, үш I орын мен бір II орынды иеленді. «Хореография» номинациясы бойынша «Қансонар» биі мен «Көркем сөз» номинациясы бойынша Еркеназ Құрақбай «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңімен бас жүлдені, «Хореография» номинациясы бойынша «Көңілді тышқандар» биімен, «Балдырғандар әнін» орындаған әншілер тобы және Мағжан Фермебай «Елім барда» өлеңімен жүлделі I орынды иеленді. «Көркем сөз»



номинациясы бойынша Темірлан Бейсен «Отан туралы» өлеңін орындап жүлделі II орынды иеленді. Фестиваль-конкурсқа бүлдіршіндерді жоғары дәрежеде дайындаған хореограф А.М.Болатованың, музыка жетекшісі А.Г.Сүйменованың және топ тәрбиешілерінің еңбектерін айтып кетпекке болмас. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, өнерімен өрге жүзген өрендер ұстазының мерейін ғана емес балабақшаның абыройын асқақтатты.

Нүргүлі АЯШЕВА, №12 «Салтанат» бөбекжайының педагогі

ТРЕНИНГ

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін, жауапкершілігі терең күрделі процесс. Ал, баланың ата-анасын жан жүрегі қалауымен ардақтауы мүлтіксіз болуы шарт. Осы мақсатта Жезқазған қалалық білім бөлімінің №12 «Салтанат» бөбекжайында психологиялық тренинг өтті.

Шараға «Салтанат» бөбекжайының «Раушан» тобының 4-5 жас аралындағы бүлдіршіндері мен олардың ата-аналары қатысты. «Өзін-өзі тану» онқундігіне арналған «Ата-ана мен бала арасындағы махаббат» тақырыбындағы тренингтің берері мол. Жалпы адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығар-

мауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігін, адамгершілігін қалыптастыру. Өйткені, бала – ата-ана өмірінің жалғасы. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі он психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру мен дамытуды мақсат еткен тренинг қатысушылары белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берді.

Тренинг «Бумба-Юмба» тай-

пасының сәлемдесуімен басталды. Ата-аналармен «Жунглидегі жан-быр», «Өтінемін», «Көңілді шаралар» ойынымен жалғасты. Ата-аналар екі топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды толығымен орындады. «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы таратылып, ситуациялық сұрақтар берілді. Ата-аналар болашақта балаларының бойында көргісі келетін жақсы қасиеттерді тізіп шықты. «Тілек шамы» шеңберіне тұрып, тренингтен алған әсерлерімен бөліскен қатысушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді.

Ізтөлеу ТҮСПӨВ

БАЛАБАҚШАНЫҢ БІР КҮНІ

ата-аналар назарында

№8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайында ата-аналарға арналған «Балабақшаның бір күндік өмірі» атты ашық есік күні ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты – ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымның оқу процесін нақты таныстырып, оларға балаларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беру. Сондай-ақ, шара барысында бөбекжай тәрбиеленушілерінің педагогпен қарым-қатынасын бақылауға да зор мүмкіндік туды.

Алғаш сөз алған бөбекжай директоры Ләззат Ахметжанова қонақ болып келген барша ата-аналарға алғысын білдіріп, тәрбиешілердің әрдайым білім мен тәрбиені басты орынға қоятындығын, алдағы уақытта да осындай шаралар жиі ұйымдастырылатындығын атап өтті.

Балабақша фойесіне ата-аналарға арналған тапсырмалар бар қабырға газеттері шара мазмұнын байтақ түсті. Таңертеннен бастап толассыз келе бастаған ата-ана-




лар балаларының күнртәртібімен танысып, олардың сабақтарына бақылау жасады. Сондай-ақ, тәрбиеленушілерге бөбекжай асханасы ұсынатын тағам түрлерімен де танысып, дом татып көрді. Балаларының бірге жаттығу жұмыстарын орындады.

Балалардың «Шегіртке мен құмырсқа» атты сахналық қойылымы мен концерттік бағдарламаны тамашалады. Ашық есік күні ата-аналар бөбекжай қызметіне көңіл қуантарлық баға беріп, алғыстарын білдірді.

Мақпал ИБРАЕВА, №8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайының әдіскері

ХАБАРЛАНДЫРУ



Ұлытау ауданы Шенбер (Қорғасын) ауылының энциклопедиясы әзірленуде. Энциклопедияға өңірдің арғы-бергі тарихына, танымал тұлғаларына қатысты дерек-дәйектер топтастырылуда. Сондай-ақ, ауылмызға тікелей және жанама қатысы бар кешелі-бүгінгі айтулы азаматтардың, яғни, Шенбердің төл тумаларымен бірге, кезінде ауылмызда еңбек етіп, өсіп-өркендеуіне үлес қосқан адамдардың өмірдері жинақталуда. Ұсыныс-пікірлеріңіз болса, 8 776 198 63 51 нөміріне хабарласыңыздар немесе мына электронды поштаға жолданыңыздар: shenber\_enciklopedia@mail.ru

Деректер 2020 жылдың 31 наурызына дейін қабылданады.

Ақылдастар алқасы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жезқазған қаласы әкімдігінің лауазымды тұлғаларының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Зандарының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактілері бойынша азаматтардың өтініш білдіруі үшін «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемеде 8 (7102) 73-61-35 сенім телефоны тәулік бойы жұмыс істейді.